

GLOBAL DIALOGUE

5.1

Жылына 4 рет 15 тілде шығады

Шарли Эбдо

Боавентура де Соуза Сантос

Қоғамдық әлеуметтану
дың екі бағыты

Нира Ювал-Дэвис

Сыни еліктірген
өмір

Исса Шивджимен сұхбат

Капитализм VS климаттық
әділеттілік

Герберт Досена

Қоғамдық әлеуметтанулық
тәжірибе

Ариана Ханемааэр мен
Кристофер Дж. Шнайдер

Global Symposia:

- > Бейресми елдімекендердегі қарсылықтар
- > Жұмысқа қатысты өзгерістегі ұстанымдар
- > Индонезиялық әлеуметтану

Журнал



International
Sociological
Association



5/ басылым 1 /шығарылым 2015 наурыз
<http://isa-global-dialogue.net>

GD



> Редакциядан

Қоғамдық әлеуметтанушы болу жолында

Жаһандық Диалог басылымының бұл нөмірі Боавентура де Суза Сантостың Шарли Эбдо (Charlie Hebdo) карикатуристтерінің жан түршігелік өлімі туралы ой қозғаудан басталып отыр. Егер әлеуметтанулық талдауды ауадай қажет ететін оқиғалар реті туралы айтатын болсақ, бұл – нақ осындай оқиғалардың өзі. Осы арада өзекті болып отырған нәрселер мынадай – осынша адамды өлтірудің себебі неде, кісі өлтірушілердің табиғи болмысы қандай, мемлекеттің жауапкершілігі және көрсеткен қолдауы сынды мәселелер. Осыған байланысты, ұғынатынымыз – «сөз бостандығы» дегеніміз айқын дегеннен гөрі даулы мәселеге айналып отыр, сонымен қатар «мұсылман» және «лаңкес» ұғымдарына қатысты – базбіреу лаңкес деп қабылдайтын адамды басқа біреу үшін бостандық аңсайтын күрескер деп таниды. Сантос мейлінше кәсіби деңгейде көрсетіп отырғандай, жағдайды жаһандық болашақ тұрғысынан түсінуге талпыну керек. Тек ұлттық мемлекеттер жүзеге асырып отырған және айтарлықтай көңіл бөлінбейтін оқиғаларды әлемді шарпып отырған зорлық-зомбылық пен экстремизм ылаңы контекстінде анықтай алуымыз керек.

Адам өлтіру мәселесі әлеуметтанулық талдауды аса қатты талап етуде, алайда әлеуметтанушылар қоғамдық әлеуметтанушы болуға және осы салаға араласу құлықты болып отырған жоқ. Бұл мәселемен күресу мақсатында Нира Ювал-Дэвис қоғамдық әлеуметтанушы болудың екі жолын көрсетеді: бірі – қуғынға ұшырап отырған перифериялық позициядағы әлеуметтанушы, екіншісі – Израильдің жанды мәселелерімен айналысып, оларды сынауда аса мықты болған, танымал израильдік әлеуметтанушы Барух Киммерлингтің мәртебесі. Африкадағы түйткілді мәселелердің қайнаған ортасында жүріп, Танзания мемлекетіне қаймықпай сын айтқан және университет автономдығын көпшілік алдында қорғаған Исса Шивджи бейнесі белсенді ғалымды сипаттайды.

Қоғамдық әлеуметтану міндетті түрде қауіпті дегенді білдірмейді, бірақ күрделі және өзекті болып табылады. Герберт Доцена БҰҰ ауа-райы өзгерісі тақырыбындағы конференцияларға белсенді қатысып жүр. Дегенмен, өтіп жатқан келіссөздердің тиімсіздігіне көзі жете отырып, ол түбегейлі араласуды талап ететін, дамып келе жатқан антикапиталистік қозғалыстарға назар аударады. Сонымен, қоғамдық әлеуметтану жергілікті жерлерде дамуы тиіс деген маңызды тұжырымға келеміз, мұны Ариан Ханемайер мен Кристофер Швайдердің университетті көпшілікке қайтарған асханадағы кездесулері мен көпшілікті университетке қайтарған ашық есік дәрістері көрсетеді.

Сонымен қатар Жаһандық Диалогтың бұл нөмірі үш симпозиумнан тұрады. Чили, Уругвай, Колумбия, Оңтүстік Африка және Замбиядағы қалалық бейресми елді-мекендер мен жер иеліктері туралы мақалалар топтамасы ұсынылады. Қарсы қолданылған зорлық-зомбылыққа қарамастан, тұрғындар наразылығын тоқтатпады. Стихиялық емес, саяси ұйымдасқан осы іс-әрекеттер кейде сәтті, көбіне сәтсіз аяқталып отыр. Сонымен қатар, біз дін, білім мұрасын, еңбек және әлеуметтік мобилдікті қалыптастыратын жаңа демократиялық жүйе туралы жазылған бес мақала арқылы Индонезиядағы әлеуметтанудың жағдайын барлаймыз. Соңында біз Франциядағы еңбектің жаңа үш үлгісіне тоқталамыз, олар – жаңа үлгідегі өндіріс лабораториялары, созылмалы аурулардың жұмыс орындарында тұрақталуы және еңбек, ақысыз көмек пен азаматтық белсенділік арасындағы айырмашылықты жоятын «мульти-белсенді қоғамның» үлгісі.

> Жаһандық диалог Халықаралық Әлеуметтанушылар Ассоциациясының веб-парақшасында isa.website 15 тілде ұсынылады

> Мақалалар burawoy@berkeley.edu атына жіберілуі тиіс



Әлемге белгілі португалдық әлеуметтанушы және құқықтанушы Боавентура де Саус Сантос Шарли Эбдоны жаһандық болашақ тұрғысынан қарастырған.



Белгілі гендерлік әлеуметтанушы және құқық қорғаушы Нира Юваль Дэвис атақты израиль әлеуметтанушысы Барух Киммерлингпен қоғамдық әлеуметтанудың саналуан бағыттары туралы әңгімелеседі.



Өзінің солшыл көзқарастарымен кеңінен белгілі сыншы Иса Шивджи университеттердің Африкадағы рөлі туралы сұқбат береді.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоголоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар:

Араб әлемі: Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Бразилия: Густаво Танигутти, Андреа Галли, Ренато Баррета Претурлан, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Рафаэль де Соуза, Бенно Альвес

Колумбия: Мария Жозе Альварес Ривадулла, Себастьян Виламизар Сантамариа, Андрес Кастро Арауджо, Катрин Газтан Сантамариа.

Индия: Ишвар Модии, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Иран: Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастани, Нияеш Долати, Митра Данешвар, Фаез Хаджесадах.

Жапония: Сатоми Ямамото, Хикари кубото, Таказуми Окада, Фума Секигучи, Казуки Уеяма.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Гүлім Досанова, Жұлдыз Баталова, Алмагүл Нұрышева, Дәуренбек Күлейменов, Эльмира Отар.

Польша: Якоб Барщевски, Мартина Долорес, Мариус Финкельштейн, Вероника Гаварска, Кинга Якиела, Джустина Косчинска, Прземислав Марковски, Миколай Миерзежевски, Каролина Миколайевска, София Пенза, Анна Вандцель, Джустина Зелинска.

Румыния: Косима Ругhini, Илеана – Синциана Сурду, Корина Брагару, Телегди Балаш, Адриана Бондор, Рамона Сантарагиу, Руксандра Иордаше, Михай Богдан Мариан, Ангелика Маринеску, Моника Надраг, Мадалин-Богдан Рапан, Алина Стан, Элизабета Тома, Елена Тюдор, Кристиан Константин Вере

Ресей: Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова

Тайвань: Джинг Мао Ху

Түркия: Гюль Горбачиоглы, Ирмак Эврен

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти, Жозе Регуэра.

Шығарылым кеңесшісі: Ана Виллареал

> Осы номерде

Редакциядан: Қоғамдық әлеуметтанушы болу жолында	2
Шарли Эбдо: кейбір күрделі мәселелер Боавентура де Соуза Сантос, Португалия	4
Қоғамдық әлеуметтанудың екі бағыты Нира Ювал-Дэвис, Ұлыбритания	7
Сыни еліктірген өмір: Исса Шивджимен сұхбат Сабато Нямсенда, Танзания	10
Капитализм VS климаттық әділеттілік Герберт Досена, АҚШ	13
Қоғамдық әлеуметтанулық тәжірибе Ариана Ханемааэр, Кристофер Дж. Шнайдер, Канада	16

> БЕЙРЕСМИ ЕЛДІМЕКЕНДЕРДЕГІ ҚАРСЫЛЫҚТАР

Қалаға құқықты қорғау: Чилидегі халық қозғалысы Симон Эскофиер, Ұлыбритания	18
Уругвайдағы жаңа қоныстанушылар және саясат Мария Хосе Альварес Ривадулья, Колумбия	20
Бразилиядағы баспанасыз жұмысшылар қозғалысының дамуы Сибел Ризек пен Андре Далбо, Бразилия	22
Оңтүстік Африкадағы кедейлердің қарсылығы Пришани Найдю, Оңтүстік Африка	24
Замбия: Әлеуметтік қозғалыссыз қуылғандар Сингумбэ Муиба, Оңтүстік Африка	26

> ЖҰМЫСҚА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕГІ ҰСТАНЫМДАР

Fablabs және хакерлік кеңістік: жаңа мәдениеттің қалыптасу процесінде Изабель Беррэби-Хоффман, Мари-Кристин Бюро, және Майкл Лелльмент, Франция	28
Мультимәдени қоғамдағы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету Бернард Фьюсьюлиер, Бельгия және Шанталь Николь-Дранкоурт, Франция	30
Жұмыстағы созылмалы ауру туралы келіссөз Энн Мари Вазер, Доминик Луилье, Фредерик Бружей, Пьер Ленель, Гийом Уэ, Джозель Мезза және Кэти Германд, Франция	32

> ИНДОНЕЗИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Индонезиядағы Демократия салтанаты Люсия Ратих Кусумадеуи, Индонезия	34
Индонезиялық Жоғары Білімнің корпорациялануы Каманта Сунарто, Индонезия	36
Индонезиядағы жұмысшылар қозғалысы және жұмысшы табы саясаты Хари Нугрохо, Индонезия	38
Дін – құқықтық статусқа айналғанда Антонио Кахьяди, Индонезия	40
Индонезияда әлеуметтік иерархиядағы мобилдікті ынталандыру Индера Ратна Иравати Паттиасарани, Индонезия	42

> Шарли Эбдо

кейбір күрделі мәселелер

Боавентура де Соуза Сантос, Коимбра Университеті, Португалия, 2014 жылғы ХӘА Әлемдік Конгресс бағдарлама комитетінің мүшесі



Әлем көшбасшылары Париждегі Шарль Эбдо құрбандары құрметіне өткізілген шеруде.

Шарли Эбдо журналистері мен карикатуристеріне қарсы жасалған қылмыс кешірілмес қылмыс – аталмыш айуандық іске не итермелегенін, оның астарында не жатқанын және қандай алғышарттар болғанын, сонымен қатар оның ықпалы мен болашақ салдары – осы оқиғаға «салқын-қанды» талдау жасауға кедергі туғызады. Дегенмен, орын алған оқиғаның зардабы балаларымыз оқитын мектепке, отбасымызға, институттарымыз бен санамызға зияны тимеуі үшін бұл арада талдау қажет.

Ұсынылып отырған талдауда кейбір пікірлер ортаға салынады.

Зорлық-зомбылық және демократия

Шарли Эбдо трагедиясы және 2001 жылдың 11 қыркүйегінен бері АҚШ пен оның одақтастарының жүргізіп отырған лаңкестікке қарсы күрес арасында тікелей байланыс бар деп айта алмаймыз. Бұл белгілі жәйт, алайда, Батыстың шамадан тыс агрессиясы мыңдаған жазықсыз бейбіт тұрғындардың (негізінен мұсылмандар) өліміне себеп болды және көптеген жас мұсылмандар зорлық-зомбылыққа ұшырады, ал

>>

оларға қатысты қолданылған барлық шара қитұрқы сипатқа ие, бұған жақын арада АҚШ Конгресінде ұсынылған баяндама куә бола алады. Сонымен қатар белгілі болғандай, жас Исламшыл радикалдардың басым бөлігі өздерінің әсірешілдігін жалпы зорлық-зомбылыққа қарсы ашу-ызадан туындайды деп мәлімдейді. Осыған орай біз үшін қазіргі кезде осы зорлық-зомбылық шиыршығын тоқтататын ең жақсы жолды іздеу және осыған жеткізген бүгінгі күнгі саясатты әрі қарай жүргізу мүмкіндігін қарастыру ашық мәселе болып қалып отыр. Францияның осы шабуылға жауап беруі мемлекеттің демократиялық, конституциялық сипатынан уақытша бас тартуға алып келді. Қылмыскердің мұндай типін түрме мен сот әділдігі алдында жауапқа тартқаннан гөрі атып өлтірген артық және осындай мінез-құлық батыс құндылықтарына еш қайшы емес деп болжанады. Біз интенсивтілігі төмен азаматтық соғыс кезеңіне бет алып отырмыз. Еуропада бұдан кім ұтады? Әрине, Испаниядағы Подемос (Podemos), немесе Грециядағы Сирица (Syriza) партиялары емес.

Сөз бостандығы

Кез-келген адам үшін сөз бостандығы қымбат тауар болып табылады, бірақ оның да шегі бар. Ал ондай шектеулердің басым бөлігі жеке бас бостандығы шектеулі кезде шексіз еркіндік үшін күрескендердің басына түсетіні ақиқат. Мұндай мысалдар көп: Англияда демонстратор Дэвид Камеронның қолы қанға малынғандығын айтқаны үшін қамауға алынады; Францияда ислам әйелдеріне хиджаб киюге рұқсат етілмейді; 2008 жылы суретші-карикатурист Сине (Maurice Sinet) антисемиттік мақаласын жазғаны үшін Шарли Эбдодан жұмыстан шығарылады. Бұл – шектеулердің бар екендігін, тек олардың түрлі мүдделі топтар үшін әртүрлі болатындығын білдіреді. Мысалы, Латын Америкасын алатын болсақ, мұнда басым бөлігі олигарх отбасы мен ірі капиталдың қол астындағы БАҚ бірінші болып сөз бостандығы туралы жар салады. Солай болай тұра медиа прогресшіл үкіметтің атына кір келтіре отырып, оның аз қамтылған әлеуметтік топтардың жағдайын жақсарту мақсатында жасалған оң істерін жария

етпейді. Дегенмен, Шарли Эбдо үшін Мұсылмандарды карикатуралауда еш шектеу болмағандай көрінеді, тіпті бұл карикатуралардың басым бөлігі қазір жалпы Франция мен Еуропаны алып отырған анти-иммигранттық толқынды, Исламофобияны «азықтандырып» отырған нәсілшілдік насихат ретінде «оқылуы» мүмкін. Сонымен қатар Пайғамбарды әдепсіз қалыпта көрсеткен көптеген карикатуралары, атап айтқанда, біреуі нақты зерттелген болатын. Бұл жерде Боко Харам жыныстық қатынас құлы ретінде көрсеткен жүкті мұсылман әйелдері бейнеленген, олар қолдарымен дөңгеленген іштерін ұстай отырып «Біздің әлеуметтік жәрдемақымыздан қолдарыңызды тартыңыз» деп айқай салуда. Осылайша, бір карикатура Ислам, әйелдер және әлеуметтік мемлекет атына кір келтіріп отыр. Енді ұзақ жылдар бойы осы редакциялық желі Еуропадағы ірі мұсылман қауымдастығын жәбірлеу ретінде бағаланатындығы сөзсіз. Екінші жағынан, алайда, Париждегі айуандық қылмысты соттау тез арада жүзеге асты. Сондықтан біз жан-жақты деп танылған өмірлік құндылықтардың қарама-қайшылығы мен ассиметриялығы туралы ойлануымыз қажет.

Толеранттылық пен «Батыс құндылықтары»

Қылмыс тұрғысынан Еуропаны біріктіруші, көпмәдениетті ретінде қалыптастыруға ешқайсысы да ықпал ете алмайтын екі пікір басымдыққа ие. Екеуінің ішіндегі ең сорақысы – ашық исламофобтар мен антииммигранттық мінез-құлықты ұстанушылар. Олар бүкіл Еуропадағы консерваторлар мен алдағы сайлауларда кез-келген жерде құқығы үшін қауіпті сезінетіндердің жақтастары (ол Грекиядағы Антонис Самарас сияқты). Бұл ағым үшін Еуропа өркениетінің жаулары «өздерінің» ішінде – олар бізді жек көреді, біздің паспортымызды қолданады және оларды оқшауламай мәселені шешу мүмкін емес деген пікір. Бұл жерде антииммигранттық көңіл күйдің болуы сөзсіз еді. Екінші ағым толеранттылықты жақтаушылар, оларға «бұл адамдар бізден өзге, олар бізге масыл, бірақ біз мұнымен келісуіміз керек» деген ой тән. Өйткені, оларды ең кем дегенде біз пайдалана аламыз; алайда бұл тек олар өздерін қалыпты, сыпайы ұстап, біздің құндылықтарды

меңгерген жағдайда мүмкін.

Бірақ сол айтып отырған «Батыс құндылықтары» қандай? Еуропа ішінде және одан тысқары жерлерде осындай құндылықтар үшін жасалған қатыгездік көптеген ғасырлардан кейін – отарлық зорлық-зомбылықтан екі дүниежүзілік соғысқа дейін – сақтық деңгейі мен осы мәселе жайында ұзақ ойлану басымдыққа ие (аталмыш құндылықтар қандай және олардың кейбірі неліктен контекстке тәуелді екендігін анықтау орнына). Мысалы ешкім еркіндік құндылығына күмән келтірмейді, бірақ теңдік пен бауырластық туралы олай айту мүмкін емес. Бұл екі құндылық дүниежүзілік соғыстан кейінгі демократиялық Еуропадағы жалпыға ортақ игілік мемлекетінің негізгі болып табылады. Алайда, соңғы жылдары жоғары деңгейдегі әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әлеуметтік қорғауға қатысты консерватор саясаткерлер күмәндануда және қазір ол оңшыл не солшыл басқарушы партия үшін қолжетімсіз нәрсе ретінде көрініп отыр. Бүгінгі күні әлеуметтік дағдарыс, әсіресе, жастар арасындағы әлеуметтік қорғаудың нашарлығы және жұмыссыздық деңгейінің өсуімен тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондай-ақ ол жұмыссыздықпен қатар, әсіресе, этникалық немесе діни кемсітудің құрбаны болған жастар арасындағы радикализм отына май құйғандай болып отырғандығы да рас.

Өркениеттер емес, Фанатизмдер қақтығысы

Қазір біздің куә болып отырғанымыз – өркениеттер қақтығысы емес, себебі Христиан және Ислам өркениетінің тамыры бір. Олардың кейбірі бізге жақын бола тұрса да, біз бүгін фанаттар арасындағы қақтығыспен кезігіп отырмыз деп айта аламыз. Тарих көрсетіп отырғандай фанатизм және олардың қақтығысу жолдары ұдайы элиталардың экономикалық және саяси мүдделерімен байланысты болады. Қақтығыстардың ауыртпалығын көтеруге мұқтаж жаяу әскер сынды бұқара үшін фанатизм ешқашан пайдалы болған емес. Еуропа мен оның ықпалында болған жерлердегі крест жорықтары мен инквизиция, отар халықтарды евангелизациялау, Солтүстік Ирландиядағы діни соғыстар

мен шиеленістерді мысал етуге болады. Еуропадан тыс жерлерде дін ынтымақтастырушы ретінде ұсынылады, Буддизм Шри-Ланкадағы Тамильдік азшылықтың мыңдаған мүшелері өлімін заңды деп тапты; 2003 жылы Хинду фундаменталистері Гуджараттағы Мұсылман халқын өлтіріп, осы жердегі Президент Модидің билік басына келу ықтималдығы қорқыныш пен үрейді одан сайын күшейте түсті; Израильдің Палестинада этникалық тазартуды жүргізуінің жазаланбауы және Ислам Мемлекетінің Сирия мен Ирактағы мұсылман халықтарын қанауы тағы да діннің үстемдігін орнату үшін жүзеге асып отыр. Көпмәдениетті Еуропада шексіз секуляризмді қорғау экстремизмнің түрі болуы мүмкін бе? Экстремизмдер бір-біріне қарсы ма? Олар бір-бірімен байланысты ма? Жихадшылар мен батыстың құпия қызметтері арасында қандай қарым-қатынас бар? Қазір лаңкес ретінде танылып отырған Ислам Мемлекетінің жихадшылары, бұрын Каддафи мен Ассадқа қарсы еркіндік үшін соғысқандар ма? Батыстың одақтастары болып табылатын Сауд Арабиясы, Катар,

Кувейт және Түркия Ислам Мемлекетін қалай қаржыландырылып отыр? Бұл жерде енді дәйек ретінде қалатыны, соңғы онжылдықтарда кем дегенде барлық фанатизм атаулының (ислам фанатизмін қосқанда) құрбандарының басым бөлігі фанат емес мұсылман халықтарына тиесілі болды.

Адам өмірінің құндылығы

Аталмыш құрбандар арқылы еуропалықтардың абсолютті, сөзсіз өшпенділігінің өршуі оқырманды мынадай сұраққа итермелейді – неліктен олар осындай өшпенділік осыған ұқсас, мүмкін тіпті Шарли Эбдо трагедиясымен тамыры ортақ, әртүрлі шиеленістің кесірінен сансыз адамдар өмірі қиылып жатқанда көрсетілмейді. Дәл сол күні, Йемендегі жарылыста 37 жас азамат қаза тапты. Өткен жазда Израильдің шабуылы 2000 палестиналықтың қазасына себеп болды, оның ішінде 1500 бейбіт тұрғын мен 500 бала бар. Мексикада 2000 жылдан бастап баспасөз бостандығы үшін күрескен 102 журналист өлтірілді және тағы да Мексикада 2014 жылдың қараша

айында Айотзинапада (Ayotzinapa) 43 жас бүлікші қаза тапты. Әрине, бұл жерде туындайтын ой саналуан, Христиан мәдениетіндегі ақ еуропалықтар өмірі еуропалық еместер не мәдениеті басқа дінмен, басқа аймақпен байланысатын, басқа түсті еуропалықтар өмірінен артық дегенді білдірмейді. Бұл соңғылары еуропалықтардан шалғай жерлерде тұрады немесе олармен таныс болмағандықтан дегенді білдіреді ме? Екінші жағынан, жақынықты сүй деген христиандық қағида осындай айырмашылықтарды қамтамасыз етеді ме? Әлде ол Батыстағы ірі медиа мен саяси көшбасшылардың сол басқаларға келтірілген қайғы-қасіретке немқұрайлылығы ма? ■

Хаттарды Боавентура де Соуза Сантосқа жолдауға болады <bsantos@ces.uc.pt>

> Қоғамдық әлеуметтанудың екі бағыты

Нира Ювал-Дэвис, Шығыс Лондон Университеті, Ұлыбритания, Халықаралық әлеуметтанушылар ассоциациясының нәсілшілдік, ұлтшылдық пен этникалық қатынастар (RC05) ғылыми-зерттеу комитетінің Президенті, 2002-6 және Дурбанда 2006 жылы өткен ХЭА Дүниежүзілік Конгресінің бағдарлама комитетінің мүшесі



Нира Ювал-Дэвис Израильдік диссидент, ұзақ жылдар бойы адам құқықтарын қорғаушы болды: Фундаментализмге қарсы Әйелдер және Әскери Қақтығыс Аумақтарындағы Әйелдер халықаралық зерттеу желісінің негізін қалаушы-мүшесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының әртүрлі бөлімшелерінің, сонымен қатар Халықаралық амнистия сынды түрлі үкіметтік емес ұйымдардың кеңесшісі. Өзінің гендер, нәсілшілдік, діни фундаментализм туралы зерттеулері және Нәсілдік шекара (Racialized Boundaries), Гендер және ұлт (Gender and Nation), Үйлесім саясаты (The Politics of Belonging), Әйелдер фундаментализмге қарсы (Women against Fundamentalism) еңбектерімен танымал. Ол Шығыс Лондон Университетіне қарасты Миграция, босқындар және үйлесім бойынша ғылыми-зерттеу орталығының директоры. Оның марқұм, әйгілі израильдік әлеуметтанушы Барух Киммерлингпен жүргізген сырласу сұхбатын ұсынылады.

Барух Киммерлинг өмір бойы сал ауруынан зардап шеккен және 1948 жылдан кейін босқын ретінде Израильге Румыниядан келген, Израильдің ең атақты және танымал әлеуметтанушысы болды, оның танымалдығына үлес қосқан – израильдік баспасөзде жиі жариялануы.

Барух екеуіміз, ол бүкіл өмірін өткізген, Еврей университетінде бірге магистрант болған кезден дос болатынбыз; мен 1969 жылы магистратураны аяқтағаннан кейін, алдымен АҚШ-қа, содан кейін Ұлыбританияға қоныс аудардым. Жас зерттеуші-студенттер ретінде екеуіміз Шмүэль Айзенштадт (шамамен 40 жылға жуық Израиль әлеуметтануында үстем болған) идеяларына қарсы болдық, бірақ біздің әлеуметтанулық әдістеріміз бен саяси көзқарасымыз ұқсамайтын еді. 20 жасымда Израиль мемлекеті мен қоғамын сионистік емес және антисионистікталдауда радикал болдым; көп жылдар өткеннен соң және Израиль-Палестина қақтығысы мен қоғамды жүйелі зерттеуден кейін, Барух ұқсас көзқарасты ұстанды – алайда, ол өзін Сионист ретінде идентификациялауды қоймады. Ол әлеуметтанудың осы саласындағы маңызды аспектілерін дамытты, ал мен мұның барлығын үйлесімнің салааралық саясаты деп аталуы мүмкін тармаққа бөліп қарадым.

2007 жылы Барух қайтыс болған кезде мен Израильдік, Палестиналық және халықаралық саладағы әлеуметтік ғалымның бірі ретінде еске алу конференциясына шақырылдым, Израильдіктердің экзистенциялық қайғы-қасіреті туралы әңгімеледім – әсіресе Барух оларды «Akhushalim» деп атады, 20-шы ғасырдың басым бөлігіндегі сионистік қозғалыстарда үстем болған зайырлы және еңбек сионистері – Ашкенази. Мен осы экзистенциялық (өмір сүруге деген) алаңдаушылықты бірнеше эндемиялық факторлармен байланыстырдым; олардың бірі – отарлық жобаларда қоныстанушы барлық үстемдік етуші азшылықтарға ортақ, кейбірі «неолибералды тәуекел қоғамына» тән; және басқасы тұрақты соғыс қоғамы ретінде, сонымен қатар Израильдің квази-зайырлы режиміне нұқсан келтіретін мессиялық іргелі еврейліктің бой көтеруі ретінде Израильге тән.

Менің таң қалғаным, осыған дейінгі талдауым басқаша қабылданғанмен, сол жерде айтқан нәрсем жалпы оң қабылданды. (Дегенмен спикерлер жасаған радикалды баяндамалар конференцияда дау тудырмаса да, 5

>>

жылдан бері мақалалар жинағы әлі жарияланған жоқ. Бұл конференцияны өткізген Ван Леар Институтының (Van Lear Institute) қарсылығына байланысты болуы тиіс).

Мен, әсіресе, Барухтың өзіне тән әдеттегі тапқырлығы және парасатты адалдығымен жазылған өмірбаянын айта кетер едім. Осы өмірбаян Палестина/Израиль шиеленісінің оқырмандарға түсінікті болуына үлесін қосады. Ол бұл жерде қоғамдық әлеуметтануға қатысты кейбір маңызды мәселелерді көтереді. Екі негізгі мәселемен шектелейін.

Қоғамдық және кәсіби әлеуметтану

Барух өзінің қоғамдық журналистік және кәсіби академиялық жұмысын толығымен бөліп қарастырамын деп тұжырымдайды, бұл дифференциация оның веберлік, Донна Харауейдің «жоқ жерден барлық нәрсені көру» сенімінен бастау алса керек. Оған қарама-қайшы мен басқа феминистік теоретиктер мен білім әлеуметтануындағы радикалды дәстүрді ұстанушылар, Марксист және нәсілшілдерге қарсы топқа қосыла отырып, ситуациялық ілім мен ситуациялық қиял дегенді қолдадым. Жеке артықшылықтарына байланысты дәлелденуі тиіс ақиқат/шындық біреу емес және сәйкесінше ол салыстыруға келмейді деген релятивті ұстанымнан гөрі, мен әркімнің ұстанымы (ол әлеуметтік орындарды, идентификацияларды және нормативті құндылықтар жүйесін біріктіретін, бір-біріне әсер етпейтін бірақ өмір сүру тәжірибесі мен әрекетінің өзегі болып табылатын) оның өмірді қалай көретініне ықпал етеді деген тұжырымды қолдаймын. Тек «ақиқат» ілімі ғана нақты кеңістік пен уақыт контекстінде орын алатын көптеген көзқарастар диалогтық сындарлы процеске ұқсауы мүмкін.

Өзекті деп отырғаным, Барухтың саяси және кәсіби көзқарасы арасындағы дихотомиясы – тек қана танымдық мәселе емес. Әлеуметтанушы және саяси қайраткер болған жылдарымда байқағаным, қам-қарекеттің екі түрі тәрбиелейді және бірін бірі сынайтын пікірді қалыптастырады – бір жағынан басқа көзқарастардың эмпатиялық түсінігін талап етуге көмектесетін саяси белсенді халықтық қозғалыстар, екінші жағынан идентификация саясатының кейбір күрделі дихотомияларын нақтылауға және тексеруге көмектесетін теориялық және эмпириялық стипендиялар. Атап айтқанда, біз неліктен кейбір зерттеушілер нақты зерттеу жобаларымен айналысады және олар қалай өздерінің зерттеу нәтижелерін таратады деген мәселені қарастырғанымызда олардың арасындағы байланыс жасанды болып көрінеді.

1969 жылғы университет кампусы аумағында орналасқан асханадағы жарылыстан кейін Израиль-Палестиналық шиеленісті зерттеуге бел буған сәтінен бастап Барухтың қоғамдық өмірге араласуы қамқорлық пен өзара идеялардың тұстас екендігі паттерндерін көрсетеді. Менің күмәнданғаным – Барухтың саяси жұмыстан гөрі оның «ғылыми» жұмысында өзінің интуициясына сүйенбеуі. Барух Кунның парадигматикалық өзгеріс теориясына қатысты атап өткендей, барлық деректерді жинау таңдау элементтерін қамтиды (селекция). Дегенмен, менің уайымдайтыным – адамдар оның қысқа мақалаларын оқып шыққаннан кейін оның әлеуметтанулық жұмысын бағалайтынынан Барухтың жабығуы.

Барухтың өзгеріске ұшыраған білім парадигмалары мен



Барух

Киммерлинг

1939 жылы туған, оның анасы - венгр, ал әкесі – румын ұлтынан. Еврейлік геноцидтен қашып құтылғаннан кейін Барухтың отбасы Израильге қоныс аударды. Ол осында өсті. Барух Израильдегі Еврей

университетінде әлеуметтануды оқып үйренді, одан кейін ұзақ уақыт оқытушылық қызметте болды және зерттеулермен айналысты. 1969 жылы университет кафетерийіне шабуыл жасағаннан кейін ол израильдік ресми нарративтерге қосымша ұстанымдарды дамыта отырып қарсылықтарды, израиль-палестиналық шиеленістің тарихы мен нақты жағдайын зерттеуді бастады. Израиль саясатының ашық сыншысына айналғаннан кейін жан-жақты және қатаң айыптаулардың астында қалды. Ол өз еңбектері мен зерттеулерінде израильдік қоғамдық пікірдің азаматтарын шектемейтін, агрессиядан бас тартатын және келісім мен адамгершілік негізінде бейбітшілікке талпынатын нағыз демократиялық мемлекетке қарай ойысуына ықпал етуге тырысты. Өзінің пайымдары мен құндылықтарына берік Барух Киммерлинг 2007 жылы қайтыс болды, ол Израильдің болашағына қатты алаңдайтын. Барух Киммерлинг жазған кітаптар: Сионизм және аумақ: сионизм саясатын әлеуметтік-аумақтық өлшеу (1983), Израильдік жасақталуы және құлдырауы: Израильдегі мемлекет, мәдениет және әскер (2001), Политцид: Шаронның палестиналықтарға қарсы соғысы (2003).

Израиль және Палестина қоғамдарын түсінуі оның өзін «орталықтағы маргинал» ретінде позициялайтын екінші мәселені көтереді.

Қоғамдық әлеуметтанудағы әлеуметтік орынның (local) рөлі

Өзіне тән әмбебаптық, рефлексиялық және адалдықпен Барух Сабри Джиристің Израильдегі Арабтар (The Arabs in Israel) кітабына талдау жазған аса терең сыни сипаттағы алғашқы мақаласын Израильдің көне басылымы Ha'aretz газетінде жариялады. Ұзақ уақыт өткеннен соң, Барух Сабридің көзқарастары дұрыс болғанын ғана емес, сонымен қатар Сабридің архив материалдарына қолжетімсіздігінен, ол Израильдегі Палестиналықтарды бақылау және олардың жерін конфискациялау құралдарының масштабы мен зұлымдығын төмен бағалағандығын түсінді. Бұған ұқсас өзгерісті Барух Ян Люстиктің Еврей мемлекетіндегі Арабтар (Arabs in the Jewish State) атты еңбегіне қатысты да мойындайды, кейінірек ол оған әділ баға береді. Барух өзінің өмірбаянында бұл туралы жазған жоқ, менің 1975 жылы Израильдіктер мен Палестиналықтар (Israel and the Palestinians) атты басқа авторлармен бірлесе шығарған кітабым жарық көргенде, ол жанашыр досым ретінде бұл мәселені өзімнің түйіндемемде (CV) көрсетпеуіме және аулақ болуыма кеңес берді. Менің көптеген мақалаларым Барухтың кейінгі жұмыстарымен өте

>>>

тығыз үндестікте жазылған.

Осы жылдар ішінде, Барух Израиль мен Палестина қоғамдары және ондағы жанжалдарға қатысты пікірін қайта бағалау мүмкіндігіне ие болды; ол керемет қоғамдық әлеуметтанушы атанды, жұмыстары Израильдің пікіріне аса кең көлемде маңызды ықпал етті. Жылдар өткен сайын менің де әртүрлі мәселелерді ұғынуым өзгерді; Барух сынды мұндай өзгерістер дүниеден озар соңғы күніме дейін жалғасады деп үміттенемін. Солай бола тұра мен Барухтың тұжырымындағы екі мәселені қарастырып келеді.

Біріншіден, Барух өзінің тың көзқарасы мен түсінігін өзім дамыттым деп көрсетеді. Ол бұл жерде өзінің оқыған және соңғы жылдары көп сағат бойы талқылаған өзге еңбектердің де сәл ықпалы бар екендігін айтады. Бұл өзін-өзі және білімді конструкциялаудың диалогтық еместігі, білім алу және талап ету процесін бұрмалағанға ұқсайды. Бір қызығы, бұл баламалы талдау және деректерді таныстыруға бағытталған қоғамдық әлеуметтанудың өмір сүруінің мәніне зиян келтіреді.

Екіншіден, Барух өзінің қоғамдық әлеуметтанушы бола алғандығын айтады. Өйткені басқаларымызға қарағанда оның айырмашылығы – ол «өз адамымыз» ретінде сенімді болды. Басқаша айтқанда, оның элита алдында «легитимді» болуы. Бұл жағдай Барухқа Израильдік басылымдардың негізгі беттерінде жариялануына мүмкіндік берді дейді (бұл ешқандай дау тудырмайды), ал бұл кезде оған ұқсас талдау жасаған басқалары (мысалы, радикалды социалистік және анти-сионистік ұйымдар мүшелері, Мацпен) өздерінің легитимді емес көзқарасы үшін көпшілік алдында көріне қоймады. Бұл легитимділік, оның айтуынша, қоғамдық әлеуметтанушы ретінде тиімді жұмыс істеу үшін алғышарт

болып табылады.

Барухтың пікірінше, «олардың бірі» ретінде өзінің шартты түрде қабылдануында оның Джирис пен Люстик сындылардың еңбектеріне берген сынының да үлесі болды. Кейін мұндай талдауларға ол құрметпен қараған болатын. Ал осы ой бізге үлкен және негізгі теориялық, сонымен қатар саяси мәселе қалдырып отыр: тиімді болу үшін қажетті әлеуметтік капиталды жинау мақсатында өз ұжымының сенімді мүшесі екендігін «дәлелдеу» қажет пе? Ал егер аккумуляциялау процесі кейін жақтаушы себепке алдын ала нұқсан келтіретін болса ше?

Бұл сұраққа ешқандай оңай жауап жоқ. Қазіргі заманғы Израиль қоғамы мен саясатты, сондай-ақ басқа аймақтардағы және тұтастай әлемнің басқа бөліктеріндегі жағдайды ескере отырып, мен Грамшидің сенім саясаты, ниеттің оптимистігі мен интеллектің пессимистігінен ажырамауға тырыссам да, өзімді салым суға кеткендей сезінемін. Барух шеттен емес, орталықтан бастаса да, осыған ұқсас жабығу мен депрессияны сезінді. Мен Жанандық Диалогтың оқырмандарынан олардың өзін қай жерде қоғамдық әлеуметтанушы ретінде сезінуі және өзін қоғамдық интеллекті ретінде қабылдауы үшін не тиімді екендігі туралы ойларын тыңдар едім. ■

Хаттарды Нира Ювал-Дэвиске жолдауға болады <n.yuval-davis@uel.ac.uk>


Қолданылған әдебиеттер

¹ Kimmerling B. (2013) *Marginal at the Centre: The Life Story of a Public Sociologist*. New York and Oxford: Berghahn Books, translated by Diana Kimmerling.

² Көбіміздің «заңсыз» салалардағы стратегиямыз, бірінші жағынан Израильдегі әртүрлі ерекше шараларда қоғамдық белсенді ретіндегі жұмыспен, сондай-ақ осыған ұқсас құндылықтарды қолдайтын палестиналықтар және арабтармен диалог пен ынтымақтастық орнатуға байланысты болса, екінші жағынан халықаралық қоғамдастық пен Израильдің мемлекеттік қолдауына ықпал ету үшін Израиль мен Таяу Шығыстан тыс жерлердегі социалистер және құқық қорғаушылардың жұмысымен байланысты.

> Сыни еліктірген өмір

Исса Шивджимен сұхбат



Исса Шивджи.

Исса Шивджи – постколониалдық Алжирдің ірі қоғам зияткерлерінің бірі. Дар-эс-Салам университетінің құқықтану бөлімінде оқыған кезде (1967-1970 жж.) Джованни Арриги, Эммануэль Валлерстайн және Джон Сол сияқты атақты солшыл ғалымдардан тәлім алды. Әлемнің әр түкпірінен келген осы ғалымдар университетте интеллектуалды ойдың тоғысқан орталығын құруға талпынды. Аса үздік студент бола тұра Шивджи сол уақыттағы Танзанияның алғашқы Президенті Джулиус Ньерере іске асырған урджаммаа режимінің социалистік саясатын сынады. Ғылымдағы алғашқы қадамдарын жасаған тұста аса танымал болған және үлкен пікірталастар тудырған Шивджидің «Үнсіз тап күресі» атты кітабында Африкадағы жаңа постколониалдық елдердің саяси алаңдарындағы социалистік күштердің үлесіне назар аударылды.

Лондон экономика мектебін және Дар-эс-Салам университетін тәмамдағаннан кейін, ол Заң факультетінде 2006 жылы зейнетке шыққанға дейін жұмыс істейді. Университетте қызмет атқару барысында ол жер реформалары мен конституциялық құқық мәселелерін көтеріп, қоғам қайраткері ретінде белгілі бола бастайды. Неолиберализмге өту жайлы ашық ойларына қарамастан Шивджи 1980 жж. болған саяси тұрақсыздық және университетінің корпорацияландырылу кезінде қиындыққа тап бола қойған жоқ. Университетті 2008 ж. пан-африкалық зерттеулердің қоғамдық пікірталас орталығы ретінде жаңғыртуға бағытталған бастамалары үшін Джулиус Ньерере сыйлығымен марапатталды. Осы сұхбатты жүргізген саясаттану оқытушысы Сабато Ньямсенда сияқты көптеген жас ғалымдарды Профессор Шивджи ғылыммен айналысуға шабыттандырды. Сонымен қатар,

>>

профессор Шивджи Оңтүстік Африка Республикасының Дурбан қаласында 2006 ж. өткен Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының (ХӘҚ) бүкіләлемдік конгресінің белсенді қатысушысы.

СН: Сіз Дар-эс-Салам университетімен (тағы да Млимани немесе Төбе атауларымен танымал) ынтымақтастығыңыз 1967 жылы студент ретінде басталып, оқудан кейін осы университеттің Заң факультетінде 36 жыл бойы қызмет атқардыңыз. Сіздің көптеген прогресшіл әріптестеріңіз басқа университеттерге ауысып жатқанда неліктен өзіңіз осы университетте қалуды қаладыңыз?

ИШ: Ия, ол рас, менің көп жолдастарым Ұлттық қызмет көрсету мекемесі, партия және тіпті әскер сияқты әртүрлі ұйымдарға ауысты. Артқа көз салсақ, бұл өте қарапайым болып көрінер, бірақ жолдастар өзара келісе отырып, кімнің қайда қызмет атқарған аса тиімді болатыны жайлы шешім қабылдадық. Жолдастарымның пікірі бойынша мен университетте қалып, прогресшіл зияткерлік және идеологиялық жұмыс атқаруым керек еді. Мен олардың ойларымен келістім.

Университет прогресшіл ойды дамытуға біршама қажетті кеңістік және прогресс прогресшіл зияткерлік серіктестіктерді қалыптасатын және қызметпен қамтамасыз етіп отыр. Сол уақыттағы барлық ұлтшыл идеялар империалистік жүйені терең парасатты түсіну негізінде құрылған болатын және осы жағдайда радикал жас ғалымдарды тәрбиелеуге мүмкіндік берді. Сол жас ғалымдардың көбісі өз жолдарын орта мектеп мұғалімдері ретінде жалғастырып, прогресшіл идеяларды және тәжірибені әрі қарай таратуға өз үлестерін қосты.

Өзімнің барлық еңбек жолымды Төбеде қызмет етуге арнағаным үшін ешқашан өкінген емеспін.

СН: «Африканың тысқары аймақтарындағы аккумуляция» атты еңбегіңізде сіз Африка елдерінің, әсіресе Танзанияның, постколониалдық тарихын үш кезеңге бөлдіңіз: ұлтшылдық кезеңі (1960-70 жылдар), қиын қыстау кезеңі (1980 жыл) және неолибералды кезең (1990 жылдардан қазіргі уақытқа дейін). Осы өзгерістер Млиманиға қалай әсер етті?

ИШ: Университеттер әлеуметтік ортада қызмет етеді және оларға сол ортадағы өзгерістер әсер ететіндігі күмәнсіз. 1980 жылдар еліміз үшін өте қиын кезең болды және іс жүзінде барлық Африка мемлекеттері де қиын заманды басынан өткірді. Сол уақытта университеттер қор жетіспеушілігінен зардап шегіп қана қоймай, сонымен қатар неолибералды ойлардың үздіксіз идеологиялық және интеллектуалды шектеуіне тап болды. Біздің әріптестеріміздің біразы Солтүстік Африкадағы Лесото, Ботсвана, Свазиленд университеттеріне, ал кейіннен Солтүстік Африка Республикасы мен Намибия университеттеріне ауысып кетті.

Алайда, біраз адамдар соңына дейін барды. Олардың қатарында революциялық-ұлтшылдық идеялардың аса құлшыныспен таралуымен ерекшеленген алғашқы екі онжылдық кезінде прогресшіл ойларды бойына сіңірген көптеген жас радикалды ғалымдар болды. Олар өздерінің өте пайдалы жұмыстарын жалғастырды. Мысалы, 1983-84 жылдары болған «үлкен» конституциялық пікірталастардың интеллектуалды жағын бастап, өздерінің авторитаризмге және билікке қарсы ұстанымдарын айқындады. Әрине, әртүрлі үрдістердің қатарында либералды демократия, адам құқықтары, көппартиялық идеялары бастапқы мақсат болып, радикалды ғалымдар реформалық өзгерістерді талап

етті. Кейіннен азшылық топтар үрдіс бойынша дербес сыныптық іс-шаралар үшін күресуші мектеп сияқты демократия үшін күресін бастады. Олар осы шараларды революциялық реформалар деп атады. Мысал ретінде: егер реформистер көппартиялы жүйені құптайтын бір институттың құрылуын талап етсе, революцияшылар бірінші кезекте партия мен билікті бөлуді, ал кейін тәуелсіздік жылдарындағы кезеңнің қорытындыларын келтіріп, жаңа ұлттық

келісімді құру бойынша ұлттық деңгейдегі ұзақ пікірталастарды талап етті.

Ұлтшылдық кезеңнен неолибералды кезеңге өту барысында Төбе әлі де пікірталастар және идеологиялық күрес орталығы болатын. Бірақ бұл шаралар үшінші кезеңде жалғасын таппады, себебі неолибералды үкімет ел ішінде өз күштерін біріктіре алып, университетті кәбісілендіру мен акциялау науқанын бастап кетті.

СН: 2008 жылы Сіз Кисвахидағы Кигода атымен белгілі пан-африкалық зерттеулердің Мвалиму Ньерере кафедрасының төрағасы болып сайландыңыз. Осы лауазымға тағайындалғаннан кейін Сіз «Ньереренің мұрасын жалғастыру» өзіңіз үшін мәртебе екендігін айттыңыз. Өзіңіздің жазбаларыңызда Ньеререні марксизм мен төменгі таптардың күресіне аса қатты қарсылығын сипаттай отырып, сол сөзіңізде Ньереренің қандай мұрасы туралы айттыңыз?

ИШ: Ньерере радикалды ұлтшыл болды. Ол – прогресшіл пан-африкалық және кең мағынада анти-империалист болған. Дегенмен, оның анти-империализмі Нкруманікі сияқты радикалды саяси экономикаға негізделмеген еді. Сонымен қатар, оның адамдарға қатысты бағдары жүйелі; антиимпериалистік бағдары қолайлы, ал ұлтшылдық саясаты прогресшіл болған.

Ньереренің ізін басушы неолибералды саяси таппен салыстырғанда және осы таптың біздің қоғамда жасаған талқандау әрекетін есте сақтай отырып, Ньереренің мұрасын еске алып, оны қазіргі уақыттағы капиталистік жыртықш кезеңге қарсы күресте идеологиялық құрал ретінде пайдаланғысы келмейтін прогресшілдерге, тіпті марксистерге көп сын айтуға болады.

Ньерере марксист болған жоқ және оның бетпердесін кімнен де жоқ. Маркстің өзі тұрпайы марксизммен жолыққан кезде «Мен марксист емеспін!», - деп жар салған.

Мемлекет басшысы ретінде ол төменгі таптан басталатын күреске қарсы болғаны - шындық. Алайда мұның барлығы прогресшіл адамның Ньереренің прогресшіл мұрасын мойындамау немесе оның қарама-қайшы сипаттағы мұрасынан сабақ алмауы керек дегенді білдіре ме? Досым, марксист - пүрист емес, ол - саясаткер!

СН: Ньерере мұрасының «қарама-қайшы сипаты» дегенді қалай түсінуге болады?

ИШ: Мен оны Мвалимудың өзі жайлы қызық әңгіме арқылы түсіндіруден басқа жақсы әдіс жоқ деп ойлаймын. Ол 1978 ж. билікке қарсы шерулерге қатысқан Төбе студенттерін оқудан шығарды және бірнеше айдан кейін университет қалашығына келді. Студенттердің бірі осы жағдай туралы оған батыл сұрақ қояды: «Мвалиму, Сіз бізге демократия жайлы көп айтасыз, бірақ біз демократиялық шерулерді ұйымдастырғанда бізді ұру үшін жазалаушы күштерді жібересіз!», - деп наразылығын білдірді.

Мвалиму ол студентке тесіле қарап: «Менен басқа не күтіп едіңдер? Мен – мемлекет басшысымын; Мен қанаудың монополиясына ие институтты басқарамын. Егер де сіздер

>>>

көшелердегі тәртіпсіздіктерге себепкер болсаңыз, әрине, мен сіздерге қарсы жазалау күштерін жіберемін. Бірақ бұл сіздердің тараптан демократия үшін күреспеуіңіз қажет екенін білдіре ме? Демократия ешқашан оңай олмаған емес!» [нақты оның сөздері емес].

Барлығымыз осы сәтте шапалақтадық. Мвалиму тиесілі үлесін алды!

СН: Ирандық революцияшыл зияткер Али Шариати бір кезде университеттерді «алынбас мықты қамалдар» деп атады, себебі олардың басты міндеті - іскерлік әлем үшін зияткер құлдарды дайындау. Кигода пан-африкалық зерттеулер бағдарламасы Млимани «қамалының» қақпасын ашып, зияткерлердің халықпен араласуына жағдай жасады ма? Егер жасаған болса, ол қандай түрде болды?

ИШ: Кигода университет «қамалының» қақпасын ашуға әрекет жасады деген тұжырым айту мен үшін барып тұрған ақымақтық болареді. Альтюссерлік түсініктеме бойынша, университеттер - билік аппаратының идеологиялық бөлігі. Ондағы зияткерлердің басым тобы - қоғамдағы үстем идеологияның негізі болып табылатын басымдыққа ие білімді өндірушілер және тасымалдаушылар.

Алайда, білім өндіру үрдісінің табиғатына тән нәрсе – пікірлер шиелінісіне тәуелді болуы. Осы арқылы үстем білімнен басқа көзқарастарға назар аударуға болады. Дегенмен, осындай басқа көзқарастар міндетті түрде болады деген сөз емес. Олардың да шектеумен және құлдырауға ұшыраған кезеңдері болады, әсіресе осы көзқарастар тапталатын болса. Бұл аталмыш прогресшіл көзқарастарға үздіксіз негізді талап ететін және қайта талап ететін қақтығыстар.

Барлық қақтығыстар сияқты осы зияткерлік қақтығыстар да өздерінің түрлері мен тәсілдеріне қатысты қиялға берілу қабілетін талап етеді.

Аталған жайды Кигода жүзеге асыруға тырысты. Артық ештеңеге жол берілмеді. Мүмкін осының барлығы зияткерлік талпыныстарды жүзеге асыру үшін; әлде жас зияткерлер мен халық арасында сенімге ие болу мақсатында; әлде Төбенің прогресшіл мұрағатын қазбалау үшін жасалған болар. Осы әрекеттер шектеулі болды және шектеулер мен басқарған уақыттың тәмамдалғанының белгісіне айналды.

Бір адамдар оған жасалған жағдайлар аясында ғана көп нәрсе істей алады. Менің ойымша, сондай адамдардың қатарына Плеханов пен Маркстің идеялық ізбасары Е.Н.Карды жатқызуға болады. Кар бойынша жеке адамдар тарихты қалыптастыру барысында өздерінің әрекет ету жағдайларын таңдау құқығына ие емес.

СН: Ньерере бірде төменгі тап өкілдеріне ақшаны қару ретінде пайдаланбауды ескерткен. Дегенмен, қазіргі уақытта қаржыландыру зияткерлік жобалар үшін маңызды болып барады. Сонымен қатар, ең прогресшіл ұйымдардың өзі ақша табу жолында капиталистік агенттіктер алдында тізе бүгуден жалтару мүмкін емес деп тұжырымдайды. Кигода осындай іс-шараларды қалайша

жүзеге асырады?

ИШ: Әрине, ақша және донорлық ақша зияткерлік жобаларды іске асырушы мотор болып табылады. Кигоданың да қаржыландыру мәселелеріне тап болғаны күмәнсіз, бірақ осы жағдайда бастапқыдан белгілі принциптер орнады.

Біріншіден, төраға мен оның көмекшісінің жалақыларын қоса алғандағы әкімшілік шығындар университеттің қалыпты бюджетінен төленеді. Екіншіден, Кигода шетелдік донорлардан ақша алудан аулақ болды. Үшіншіден, жергілікті қоғамдық ұйымдардан немесе ынтымақтас африкалық зияткерлік ұйымдардан келген қаржыландыру көздері белгілі бір шарттармен байланысты болмауы қажет. Сонымен қатар, Кигоданың мәселелер кестесі мен іс-шаралар тізімі қатаң түрде Кигода ұжымы арқылы айқындалуы қажет.

Бұл оңай шаруа болған жоқ, бірақ ұйым бюджетін шектеп ұстау, көбіне ерікті жұмыс күшіне иек арту және қаражатты ұқыптылықпен жұмсау арқылы біз осы қиын кезеңді басымыздан өткіздік.

СН: Қазіргі уақытта Сіз университеттегі жұмыстан зейнетке шықтыңыз, енді қандай жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап жүрсіз?

ИШ: Қазіргі уақытта әлі университеттемің және өзімнің екі әріптесім - профессор Саида Яхья-Отман мен доктор Нгванза Каматамен бірге Танзания ғылым және технология комиссиясының қолдауымен Мвалиму Ньереренің толық өмірбаянын жазу жобасын бастап кеттік. Осы уақытта зерттеуімізді аяқтап қалдық және жазу процесін бастап кеттік.

Осы жобаның маңызды нәтижелерінің бірі – Ньерере қор орталығының (НҚО) құрылуы. Орталықта біз жинаған барлық материалдар сақталып, зерттеушілерге қолжетімді болатын құжаттар бөлмесі ашылмақшы. Орталық бойынша стратегиялық ойлау, пікірталастар мен ой бөлісу үшін ашық алаң ұсыну мақсатында іс-шаралар ұйымдастырмақшымыз. Осы іс-шараларды үстіміздегі жылы бастаймыз деген үміттеміз. НҚО мемлекет ішіндегі және құрылықтағы бойынша көптеген өзекті мәселелерді талқылайтын орталық болар деген сенімдемін.

Менің ойымша неолибералды, мемлекеттік емес ұйымдар және кеңес беруші мәдениет өзінің «көп әрекет, аз ойлану» саясаты арқылы және алдын ала жасалған болжамдар бойынша біздің интеллектуалды ойымыз үшін ақша талап ететін жағдайға жеттік және нәтижесінде біз әлемді түсінуден және талдаудан шеттетілеміз. Біз әлемді тереңірек түсіну арқылы ғана жақсы әлем үшін күресе аламыз. Ол үшін біз тарихты тереңірек тануымыз қажет. Орталық жанандық деңгейдегі, ұзақ мерзімді ойлау мәдениетін жаңғыртуға үлес қосады деген сенімдемін.

Хаттарды Сабато Ньясенда <sany7th@yahoo.com> мен Исса Шивджиге <issashivji@gmail.com> жолдауға болады.

> Капитализм VS климаттық әділеттілік

Герберт Досена, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығы (ХӘҚ) Еңбек қозғалыстары бойынша зерттеу комитетінің (RC44)



Ауа-райының өзгеруіне арналған Лимадағы БҰҰ саммиті аясында «Климатты емес, жүйені өзгертіңдер» деген ұранмен әлемнің шартарабындағы әлеуметтік қозғалыстар өткізген табиғат-ананы қорғау шеруі.

1 972 жылы Стокгольм қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған ортаға арналған алғашқы конференциясы өткен кезден бері әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған адамдар желтоқсан айында (2014 ж.) өтетін баламалы «Халық саммитіне» жиналуды дәстүрге айналдырды. Олар Лима қаласының (Перу) көшелерінде шеруге шыққан кезде жүздеген мемлекет өкілдері Біріккен Ұлттар Ұйымының ауа-райының өзгерісі бойынша Рамалық конвенциясының соңғы Тараптар конференциясы (ПК) аясында әскери лагерде бас қосты.

«Халық саммитінде» әдеттегідей әр түрлі талаптар қойылды және үндеулер тасталды. «Біз ауа-райы өзгерісіне қатысты маңызды заңдарды талап етеміз!» немесе «Сөзді доғарып, іске көш!» сияқты адамдар қол бұлғап тұрған түрлі-түсті плакаттардағы талаптарға көз жүгірту арқылы шеруге қатысушылар мен олардан 14 шақырым қашықтықта ресми конференцияда бас қосып отырған адамдар арасында мүдделер үйлесімі бар немесе

болуы мүмкін деген ойға батасың. Одан бөлек, ресми конференцияға қатысушы адамдар іс жүзінде қазіргі орныққан жүйеде «ауа-райы өзгерісіне қатысты маңызды заңды» қабылдау құзыретіне ие деген ой келеді.

Алайда, құлағым шалған талаптардың арасында мағынасы жағынан барлығына ортақ сипатқа шерушілердің артында орналасқан «Ауа-райын емес, жүйені өзгертіңдер!» деген баннер ие болды. Аталмыш баннерге мағынасы жағынан ұқсас «Жер шарын капитализмнен құтқарыңдар!», «Капиталистер: баукеспелер!» немесе «Партиялар конференциясы: жыртқыштар ұясы» сияқты үндеулер арқылы талап қоюшылар мен осы талаптарды орындаушы адамдар арасында түбегейлі қарама-қайшылық бар екендігін және талаптарды орындаушылардың үстем жүйе аясында «жер шарын құтқаруға» қауқары жоқ екендігін байқау қиын емес.

«Жүйені өзгерту» деген үндеу соңғы жылдары әлемнің әр түкпірінде өте жиі қолданысқа ие: былтыр қыркүйекте (2014 ж.)

Нью-Йорк қаласында өткен 400 000 адамдық шеруде, 2013 ж. БҰҰ-ның Варшава қаласында өткен саммиті кезіндегі кішігірім наразылық шеруде, 2010 ж. Кочабамба қаласында өткен бұрын соңды болмаған әлемдік әлеуметтік қозғалыстар конференциясында, 2009 ж. Копенгаген қаласында өткен БҰҰ-ның ауа-райы өзгерісіне қатысты рамалық конвенциясының саммиті кезіндегі шерулерде, сонымен қатар Боливияның өзін-өзі тағайындаған социалист Президенті Эво Моралес бастамашы болған БҰҰ-ның ауа-райы өзгерісіне қатысты саммитінің аясында да осы үндеулер тасталды.

Осы жылғы БҰҰ-ның конференциясы болған Оңтүстік Америка құрлығындағы қарулы қақтығыстар қаупінің артуы Шеруді Лимада өткізудің маңыздылығын айқындады. Алайда, Лимадағы шеруден кейін халық арасында қызығушылықтың артуы адамдардың санасы мен ғаламдық деңгейдегі бірегейліктің күшеюі және жаһандық экологиялық дағдарыс аясында әлеуметтік қозғалыстар тарапынан тепе-теңдіктің орнай бастағандығының белгісі. Бұл жәйт, әлемдік үстем блок өзі ең

ықпалды күшінің бірі – адамдардың әлемді қалайша қабылдайтындығына байланысты және өздерін топтарға жіктеуі негізіндегі пікірталастардың уақыты мен өткізілу тілін бекіту құзіретін бұрынғыдай пайдалана алмайтындығын білдіреді.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша радикалды қозғалыстар санының кенеттен күрт өсуіне және қоршаған орта мәселелеріне капитализмді кіналауға тап болып, іс жүзінде үстемдік ету мен ғаламдық мүдделерді қорғау туралы өздерінің үндеулеріне қатысты көп сұрақтар туындағандықтан үстем топ өкілдері «ғаламдық қоршаған орта өзгерісінің» сарапшылары жиі назар аударма бермейтін «өзгеріс» ұғымын қайта қарастыру мен түйіндеу үшін күреске араласуға мәжбүр болды

Жалпыайтқанда, кемдегенде 1970 жж. бастап мемлекеттік органдардың қызметкерлері, корпорация басшылары және басқа зияткерлер сияқты түрлі топтар шерушілердің жүйені өзгерту бойынша талаптарын барынша орынсыз немесе орындауға мүмкін емес ретінде көрсету үшін белсенді қызмет етті. Осы топтар мақсаттарына жетуде сан қилы амалдар қолданып, бір-бірімен бәсекелесе жұмыс атқарды. Олар үстем топтарды барлық «адамдармен» толықтай үйлескен мүдделері бар және капиталистік жүйе тұсында дағдарысты шешуге қауқарлы планетаның «құтқарушылары» ретінде көзқарастарды қалыптастырып, оларды тарату арқылы өз ойларын жүзеге асырмақшы болды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЕЫДҰ), Бүкіләлемдік банк, БҰҰ, мемлекеттік емес ұйымдардың бірқатары және ғаламдық деңгейдегі азаматтық қоғам ұйымдарының білім өндіруші аппараттары арқылы үстем топтар келесі екі онжылдықта экологиялық дағдарысты «нарықтың құлдырауы» және «капитал жұмсау» үшін немесе тек энерготасымалдаушылар өндірісі (ешқашан тұтас жүйені емес) үшін сынайтын «экологиялық модернизация» немесе «бірқалыпты даму» дискурстарын құрастыру немесе тарату арқылы радикалды бағыттағы қоршаған ортаны қорғаушылардың сыни пікірлеріне қарсы шығып, оларды жұтып жіберуге және шатастыруға тырысты. Осы әрекеттер арқылы үстем топтар капиталды ізгі игілік және сенімді «серіктес» ретінде сипаттауға тырысты.

Күнделікті және институтталған тәжірибелер арқылы: қоршаған ортаны ыластауды таптарға қатысты есептеудің орнына мемлекеттерге қатысты есептеу арқылы мүдделі топтар

ыластаушыларды жазалаудың орнына, керісінше, қызықтырып, адамдарды «мәселе - жүйенің жұмысында емес, ал капитал - дұшпан емес», - деген ортақ көзқарасқа сендіргісі келеді.

Қысқаша айтқанда, радикалды қозғалыстардың идеяларына қарсы тұру және өздері бастамашы болған қарама-қайшылықты басу үшін жаңандық деңгейдегі элиталар ғаламдық мәдениетті қалыптастыруда немесе адамдардың «ортақ ой-тұжырымдарын» бағыттауда жұмыс істеуде. Олар жоғары дәрежеде табысқа жетті. Кезінде капиталистік үстемдікті әлсіреткісі келген мықты радикалды қозғалыстар 1970-80 жж. бастап шеттетіле бастады. «Жүйе өзгерісін» талап еткендер ессіз экстремистер қатарына жатқызылды. Шын мәнінде, «жүйе өзгерісіне» қарағанда, ақырзаманды елестету оңайырақ шаруа бола бастады.

Дегенмен, қазіргі уақытта Лимада және әлем бойынша ауа-райы өзгерісін ашық түрде капитализммен байланыстырып, капиталистерді рақымсыз «жыртқыштарға» балап, «жүйелік баламаларды» қалайтын адамдар саны артуда. Олардың ішінде танымал жазушылар Наоми Клейн, Поп Фрэнсис және басқа беделді тұлғалар да бар. Осының барлығы үстемдік етуші топтар радикалды, ғаламдық деңгейдегі үстемдікке қарсы қозғалыстардың қайта бас көтеруін шектей алмайтындығын білдіреді.

Алайда, Лимада өткен БҰҰ конференциясының нәтижелері бойынша, әлемдік үстем топтардың экологиялық дағдарысты шешудегі өздеріне тиімді «шешімдерді» ұсынуға қарсы күресте қоршаған ортаны қорғау қозғалыстары әлі де жеткілікті дәрежеде мықты емес екендігі дәлелденді.

Дағдарыс шын мәнінде жүйенің дұрыс қызмет етпеуінен бастау алады деген тұжырымды үстем топтар мойындамай-ақ, аса көреген емес лауазымды тұлғалар мен бизнес әкімшілер ретінде дағдарыстың өзін жоққа шығарып, осал реформалардың өзіне қарсы шығады. Капитализмнің көшбасшы өкілдері ЕЫДҰ, Бүкіләлемдік банк, университеттер, саясатты жоспарлау бөлімдері, т.б. ұйымдарда өздерінің мүдделі көзқарастарын ұсыну арқылы әлемдік экономиканы басқаруға тырысады. Әдетте осындай көшбасшылар қоршаған ортаны қорғаушы радикалды қозғалыстардың үндеулеріне қатты көңіл бөледі. Олар «жүйені өзгерту» үшін ынтымақтасу жұмыс істегенін көрсетсе де, жүйенің тұтастығын сақтап қалуға барынша тырысады.

Экологиялық дағдарыс және радикалды қозғалыстардың қаупін түсінген көреген зияткерлердің көбісі үстем таппен соңғы 30 жыл бойы капиталдың табиғатты пайдалануын «жоспарлау» мен «қадағалау» үшін «ғаламдық қоршаған орта менеджменті» үлгісін жасау мүмкіндігін қарастырып, осы тақырыпта пікірталастар ұйымдастыруда.

Соңғы бес жыл ішінде көптеген адамдар ғаламдық неолибералды реттеуші тетіктер арқылы жүзеге асатын «экологиялық модернизация» сияқты ортақ ыңғайға назар аударма бастады. Айта кетерлігі, осы бастама тек қана дамушы елдер азаматтарына ғана тиесілі емес. «Экологиялық модернизация» ыңғайы аясында келесідей «шешімдерді» қажет етеді: 1) Барлық үкіметтерді ғаламдық деңгейдегі ластануларды азайтудың ортақ мақсаттарына үлес қосуға шақыру, бірақ сонымен қатар әр үкіметке қоршаған ортаны қорғау саясатын қалайша және қаншалықты дәрежеде жүргізуді өздігінше қарастыру мүмкіндіктерін беретін нормаларды құрастыру; 2) Капиталды «аз көміртегі бар» инвестициялар мен технологияларға аудару және оларға қатысты «тиімді баға» шешімдерін қарастыру арқылы тараптардың көздеген мақсаттарына жетуіне жол ашу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін «көміртегі баға орнатуға» бағытталған нарық механизмдерін (көміртегі нарықтары, салықтар, т.б.) құрастыру қажет.

Әрине, осы бастама жақтаушылары ғаламдық элитамен ортақ мәмілеге келе алмады. «Ғаламдық Оңтүстік» елдері (Африка, Латын Америкасы және Азияның кедей мемлекеттері, көбіне оларға қатысты «дамушы елдер» немесе «үшінші әлем елдері» деген ұғымдар қолданылады) де бастамаға қарсы болды, себебі олардың өз елдерінде тәртіп орнатылуы белгілі бір дәрежеде Солтүстік (дамыған) елдерден алынатын жеңілдіктерге тәуелді. Одан тыс, дамушы елдердегі элитаның басым бөлігі ғаламдық деңгейдегі әлеуметтік-демократиялық реттеуші тетіктер арқылы баламалы экологиялық модернизацияны қолдайтын болды. Осы шешімді жүзеге асыру барысында халықаралық қадағалаушылар ретінде әлемдегі елдер келісілген әрекеттерді жүзеге асыру тиіс. Мәселен, олар тізе қоса ғаламдық ыластауға бірлесе ынтымақтаса отыра шектеу қойып, ғаламдық қайта бөлу саясатын жүзеге асыру үшін ғаламдық нарықты құрудың орнына мемлекеттердің үкіметтеріне қоршаған ортаны ыластауды төмендету және дамушы елдерге қорларды тасымалдау туралы талаптар қоюы тиіс.

Алайда кейбір әлсізмен қарама-

>>>



Ауа райын өзгертуге байланысты осы жылы өткен ең белсенді халықаралық шерулердің бірінде әртүрлі саяси күштерге жататын адамдар Лима көшелеріне лық толды. Суретті Герберт Досен түсірген.

қайшылықтары бар дамушы елдердің үкіметтері ұзақ уақыт бойы өздерінің дамыған елдер ұсынған нарықтық шешімге тойтарыс беруге және ғаламдық шешімге қолдау көрсетуге қауқарсыздығын немесе ниетті емес екендіктерін дәлелдеуде. Дамыған елдердегі әріптестерімен кішігірім қақтығыстары арқылы Оңтүстіктегі билік басындағы элиталар жүйенің іргетасын өзгертуде оның түбегейлі өзгерістеріне жол бермеу мақсатын қояды.

Нәтижесінде, дамыған елдер басшылары ғаламдық неолибералды бақылау саясатымен қатар келесі жылы Парижде қол қойылатын және 2020 жылдан бастап күшіне енетін жаңа халықаралық ауа-райы өзгерісі туралы келісімге қолдау көрсету үшін қорларды құру арқылы өз саясатын жүргізеді. Дегенмен, бұл келісімге қол қою қоршаған ортаны ыластаудағы апаттық ауа-райы өзгерісін болдырмауға немесе оның зардаптарымен күресуге жаңа қорларды жұмылдыру дегенді білдірмейді. Сол себепті, біз жаңа келісімге бет бұрған сайын климаттық аласапыран мен жабайылықтың жаңа дәуіріне жылжып барамыз.

Алайда тығырықтан шығудың жолы бар деген үміт бар. Себебі, үстем блоктың өз шешімін басқаларға мәжбүрлеп қабылдатудың арғы жағында олардың қарсылықты басу сияқты шексіз мүмкіндіктері жатқандығын мойындау қажет. Өз кезегінде қарсылықты басудың нәтижесі үстем блоктың өздерін адамзатқа «әріптестер» ретінде таныстыру мүмкіндіктеріне тікелей тәуелді. Ал ол өз кезегінде басқаларды өздерінің ғаламдық мүддені көздейтіндіктерін және қазіргі тәртіп шарттарында дағдарыспен күресе алатындықтарын көндіруіне негізделеді. Осы

шаралар үлкен қаржылық шығындарды талап ететіндіктен үстем блок өкілдері олардың өткізуге мүдделі емес және мүмкіндіктері жоқ. Үстем топтардың осындай сәтсіздігі оларға тек түңілу, ыза және алаңдау сезімдерін халыққа тарататын үндеулер жолдауға мүмкіндік береді. Біз осының белгілерін Лимадағы шеруде қоршаған ортаны қорғаушыларды бастаған топтардан және 1972 жылы қозғалыстар қол жеткізген ортақ шешімге қосылу үрдісінен көруімізге болады. Сол уақытта қозғалыс өкілдері ғимарат ішінде болып жатқан ресми жиналыстың «ауа-райы өзгерісіне қатысты күрделі заңды» қабылдауға қабілетсіз екендігіне қарсылық білдірген болатын.

Дегенмен, осы созылмалы айқын дағдарыс қажетті әлеуметтік күштерді үстем элиталардың ауа-райы өзгерісіне қатысты шешім қабылдамауына қарсы жұмылдыра алатын қозғалысқа жүктеле ме, әлде түңілу мен үрей белсенді қарсылыққа тап бола ма – әлі де анық емес. Барлығы көшелерге неғұрлым әртүрлі саяси үрдістерден келген адамдар санын шығару мақсаты мен сол адамдардың «ортақ ойларын» және әлемді қабылдау қабілеттерін өзгерту мақсаттары арасындағы ұзақ уақытқа созылмалы қарсылықты біліктілікпен мәмілеге келтіру қабілетіне жоғары дәрежеге тәуелді. Осы екі мақсат әрдайым үйлесімді емес, себебі ірі одақтарды құру үрдісі жүйенің «ең осал бөлігіне» қысым көрсетуге жағдай жасайды, ортақ қабылданған сенімдерді барынша қолдайды және үстем топтардың үндеулеріне қарсы шығудан көрі, оларды күшейтетін «ортақ ойларға» толы тілде сөйлейді. Қоршаған ортаға қатысты жалпыға ортақ ойға өзгерістер енгізбейінше, ең үлкен

одақтар мен алып масштабты шерулер тек қана әлеуеті күшті топтарға жүйені сақтап қалу мақсатындағы ұсақ өзгерістерді жасауына көмек келтіреді.

Қоғамды шеттетпейтін жаңа стратегия қажет екендігі айқын, бірақ ол стратегия өз кезегінде тамыр жайған санаттар (категориялар), ақиқат ретінде қабылданатын көзқарастар және адамдарды жүйемен үзілмес тағдырға ие деген уәждемелер қысымына төтеп беруге қабілетті болуы тиіс.

Бұл «үлкен шеруді» БҰҰ-ның Париждегі жиналысының алдында емес, одан кейін жоспарлауға алып келуші еді. Оның нәтижесінде, «адамдар» жер шарын сақтап қалу үшін әлемдік элиталардың парасаты мен қайырымдылығына иек артуы қажет деген көзқарасты жоққа шығаруға болар еді. Ол климаттық дағдарысты таптарға қарағанда мемлекеттер бойынша қарастыру арқылы (мысалы, мемлекеттер бойынша «көміртегі бюджетін» бөлу ұсынысы) қалыптастыруға қатысты прогресшіл болып көрінетін шешімдерге байланысты көп сұрақтар тудырушы еді. Ол тіпті прогресшіл, социалист үкіметтерді экстративтік емес, отын материалдарына тәуелсіз даму жолдарын таңдауды ұсынар еді.

Күн тәртібіне «Жүйені өзгертіңдер!» үндеуін енгізуде сәттілік жолдас болғанымен, қазіргі кездегі басты мақсат - осы талапты өзіміздің «жүйелік баламаларымызды» және біздің «нақты қиялдарымызды» дауыстап айту арқылы айқындау.

Хаттарды Герберт Досенаға жолдауға болады <herbertdocena@gmail.com>

> Қоғамдық әлеуметтанулық тәжірибе

Ариана Ханемааэр, Альберта университеті, және **Кристофер Дж. Шнайдер**,
Уилфрид Лорье университеті, Канада



Ариана Ханемааэр и Кристофер Шнейдердің қоғамдық әлеуметтануға қатысты тәжірибесі. Суретті Ариана Ханемааэр түсірген

Қоғамдық әлеуметтанудың (әрі қарай - ҚӘ) мақсаты қоғамдастықты екі жақты білім алмасу диалогына қатыстыру. Әлбетте, қоғамдық әлеуметтануды тәжірибеге айналдырудың әр түрлі жолдары (тәсілдері) бар. Бұл қысқа эсседе қарастырылатын ҚӘ тәжірибесінің екі мысалының аналогиялық сипаты бар («сандық» мысалдар үшін МСА бағдарламасын «ҚӘ, тікелей эфир!» немесе Ханемааэр мен Шнайдердің «Электронды қоғамдық әлеуметтану», ҚӘ дебаттарын» қараңыз). Бірінші тәжірибені немесе бірінші тәсілді әлеуметтанудың «философиялық кафесі» сипаттайды, біз оны Жексенбілік әлеуметтанушы деп анықтадық. Осы тәжірибеден біздің екінші тәжірибе пайда болды – ол университет курсына

ұқсас нұсқа, біз оны жергілікті кофеханаларда жексенбілік әлеуметтанушылармен кездесу барысында жүзеге асырдық. Кофехана – немесе пенни университет (университеттің қорына салынатын алғашқы жарна сияқты атайтынбыз) – қоғамдастықтардың тарихи орталықтары, оның қауымы түрлі қауым - студенттер, саудагерлер мен интеллектуалдар, өз ойларын ортаға салатын.

2009 жылы жоғарыдағы аталған пенни университетінің үлгісімен шабыттанып, Жексенбілік әлеуметтанушы бағдарламасын (www.sundaysociologist.com) аштық, оның негізгі мақсаты - түрлі пікірлерді ұстанатын адамдардың басын қосу. Қауым мен әлеуметтанушыларға бірдей өзекті

>>

болып табылатын негізгі мәселелерді (ұлттық жаңалықтар, видеороликтер, саяси жобалар және т.б.) талқылау үшін айына бір рет жергілікті тұрғындарды, университет оқытушыларын және қызметкерлерді, студенттерді Келоун орталығында, Ұлыбритан Колумбиясында, Канадада орналасқан жергілікті кофеханаға шақыратын болдық.

Кездесулердің негізгі мақсаты, бір жағынан - түрлі әлеуметтік топтардың басын қосу, екіншіден – оларды маңызды локалды және жанандық мәселелерді талқылауға қатыстыру. Бұл әңгімелесу жемісті және қызу пікірталастарға айналатын, олар өмірімізді кәсіби әлеуметтанушылардың өміріне ұқсас қалыптастырып, дамытатын, өйткені басты назардағы объект университеттік аудиториядан тыс жеке және қоғамдық мәселелерін талқылау болып табылатын.

Біз әр айдың екінші жексенбісінде кеш құрым жиналатынбыз. Бұл уақытты таңдауымыздың себебі – толық күні жұмыс істейтіндерді және жұмыс аптасы бойы қолы бос еместерді қатыстыру.

Біздің әлеуметтанулық кафеміз ғаламтордағы тегін вебпарақшалар арқылы жарияланатын. Ай сайынғы кездесулерге университет қызметкерлері, университет және колледж студенттері мен зейнеткерлер қатысатын, солардың арасында Брендан есімді кісі өзін «шаңсорғыш сатушысы» және «дилетант» деп таныстыратын.

Біздің әлеуметтанулық кафеміз апта күнімен аталса да, өмір сүру сипатымызға, саяси және әлеуметтік көзқарастарымызға қарамастан өзекті әлеуметтанулық мәселелерге қатысты толғануға тырысатынбыз. Мысалы, кәсіби химиктерге қарағанда, біздің лаборатория қоғамдастық болып табылады, әлеуметтік қоғамдастықты қалыптастырса, қоғамдастық әлеуметтікті қалыптастырады. Осыған орай, әлеуметтік қиял бар. Егер әлеуметтанулық қиял жексенбілік кештерді рефлексияға шабыттандырса, біздің кофеханаларда кездесетін бұл түрі қауымның өміріндегі пайдалы құралға айналуы ықтимал.

«Жексенбілік әлеуметтанушы» клубының негізінде өзіндік силлабусы бар университеттік курс жатыр. Идеяның негізі - курстың жұмысына қатысуға қауымды тарту. Әр апта сайын түрлі қоғамдық орындарға әлеуметтану профессорларын шақырып, бір сағаттық дәрістен соң шағын топтарда, 30 шақты кісі өзара бір сағаттық пікірталасқа түсетін.

Курс пен дәріс оқитын қонақ туралы ақпарат университеттің пресс релизі арқылы және әлеуметтік медиа арқылы таратылатын, апта сайын курсқа 100 шақты адам қатысатын. Әлеуметтанушы-студенттер және қауым екіжақты диалогқа қатысу үшін теңдей шағын топтарға бөлінетін. Содан соң біз шақырылған әлеуметтану профессорымен және ассистентпен шағын топтар арасындағы сұхбатты тыңдап, олардың

диалогтарына әлеуметтанулық интервенция жасайтынбыз.

Адамдардың кейбірі осы курсқа үзбей қатысатын. Әр барған сайын таң қалып, қызығатын! Мысалы, өзін «шаңсорғыш сатушысы» ретінде таныстыратын Брендан: «Бұл пікірталастарға қатысып, өзімнің бірдеңеге үлес қосатын қабілетімді анықтап, таң қалдым. Мұндай жағдайды әлі бастан кешпеген едім». Басқа қатысушының айтуы бойынша: «80 жасқа келген адам үшін бұл үлкен мәртебе және ләззат алудың жолы, тың және парасатты оймен танысу».

ҚӘ осындай бастамалары кәсіби міндеттеріміз бен болашағымыз туралы ойландырды. Біздің дилеммаларымыздың бірі ретінде күрделі, әлеуметтанулық идеяларды қоғам үшін өзекті және өзекті сұраққа қалайша айналдыруға болады? Әрине, біздің қоғаммен жұмысымыз біздің кәсіби ісімізге қосымша жүктемеге айналды, бірақ қоғамдық оқытушы ретіндегі тәжірибемізге көп пайдасын тигізді. Біз өзіміздің жобаларымызды жүзеге асыруда жақсы қоғамдық қолдау таптық, бұл жұмысқа қауымды тартудың жаңа және инновациялық тәсілдерін табуға түрткі болды. Қауымды кеңінен тарту ғылыми жобаларымыздың сәттілігіне сендірді.

Келоуна - қалталы зейнеткерлер тұратын шағын қала, ол Ұлыбритан Колумбиясының оңтүстігінде орналасқан, осы жерде тұруды қалайтындар көп. Біздің клубтарға қатысушыларының біразы зейнеткерлікке үлкен табыспен жеткен, университеттік дәрежелері бар адамдар. Мысалы, жексенбілік клубтың тұрақты қатысушысы Джойстың айтуы бойынша «Колледжде оқығанда әлеуметтануды оқу маған үлкен ләззат әкелетінін ұмытқан едім, қазір менде оған қайта оралуға ынта пайда болғанын сеземін!».

Байқауымызша, жұмысшылар ортасында мұндай жобаларды дамыту басқа мәселелермен байланысты болуы мүмкін. Біздің жобаларға қатысу аталмыш қауымдастыққа кіретін адамдардың ерекшеліктеріне негізделген: олар компьютерді қолданады, ғаламторға қолжетімділігі бар, болашақтағы шараларды жарнамалайтын жергілікті жаңалықтар мен радионы тыңдайтын адамдар.

Бұл адамдар алдағы іс-шараларға қатысуға құмбыл, олар үшін балама болып табылатын университет өміріне ат салысуға дайын адамдар. Өз қауымдастықтарында осындай бастаманы көтергісі келетін әлеуметтанушылар үшін әлеуметтік ортасында кездесуі мүмкін мәселелерді ескере отырып, жеке ерекше контекстте қауымды тартудың басқа стратегияларын ойлап, табуға итермелейді. ■

Хаттарды Ариана Ханемааэр <ahanemaa@ualberta.ca> мен Кристофер Дж. Шнайдерге <cschneider@wlu.ca> жолдауға болады

> Қалаға құқықты қорғау

Чилидегі халық қозғалысы

Симон Эскофиер, Оксфорд Университеті, Ұлыбритания



Аса қауіпті аудандардың бірі Вилла Франциядағы тұрғындарды «Күреске ұйымдасу, жеңіс үшін күреске» шақыратын фреска (графитти), Суретті Натали Виелмин түсірген.

Әлеуметтік мобилизацияның ұзақ тарихына қарамастан, 1990 жылдардан бастап Чилидегі кедей халық сегрегация мен әлеуметтік аурулардан зардап шегіп отырған белсенді емес саяси актор ретінде сипатталды. Дегенмен мен осы жұмыста Сантьягодағы Пеньялолен шағын қалалық қауымдастықта жүргізген зерттеуім негізінде қаланың кедей тұрғындары да өздерінің қалаға құқын қайта жариялау арқылы тұрақты қарсылық ұйымдастыра алады деп тұжырым жасаймын.

Дэвид Харви (2008: 23) «қалаға құқық» ұғымын «қаланы өзгерту арқылы өзімізді өзгерту құқығы» ретінде анықтайды. Урбанизация мен капитализм, сонымен қатар адамның пайдаға қарағанда басымдығын тұжырымдайтын академиялық дәстүрді байланыстыра отырып, Харви адамзат болмысы ұжымдық билікті жүзеге асыру арқылы урбанизация процесін қайтадан қалыптастыру мүмкіндігіне ие болуға лайық дейді. Қалаға құқын білдіру дегеніміз кедей тұрғындар үшін – капиталистік ұдайы өндірудің қалалық процестеріне қарсы

тұру арқылы өздерінің тұрғын үйіне (баспанасына) және қаладағы әртүрлі қызметтер мен ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Ғалымдардың көпшілігі Чилидегі кедей қала тұрғындары басқаларға қарағанда жүйелі түрде ұжымдық қозғалыс арқылы өзінің қалаға құқын көрсете алды санайды. Чилидегі кедей қала тұрғындарының тұрғын үй үшін күресі 1920 жылдардан бастау алады. Саяси партиялармен қатар басқа институттармен біріге отырып, «тұрғындар қозғалысы»¹ ретінде белгілі ұйымдар қаладағы жерлерді иелену арқылы үкіметке қарсы шыға отырып, ұлттық саяси алаңда айтулы орынға ие болды. 1957 және 1970 жылдары жерлерді басып алу Сантьяго сияқты Чили қалалары аумағына әсер ете отырып, барған сайын етек ала түсті. Мысалы, Альенде билігі тұсында 1972 жылы Сантьяго қаласы тұрғындарының 16,6% бейресми жер иеліктерінде орналасты (Santa María, 1973: 105).

Бұл аралықта солшыл ұйымдардың жайы ретінде кедейлер қоныстанған қала шетіндегі лашықтар әскери диктатура

>>

тарапынан қатаң түрде жазаланған болатын (1973-1989). Мұндай жерлердің кейбірі 1983 жылдан бастап авторитарлық режимнің қатыгездігіне ұшырай отырып, ұлттық қарсылық қозғалысында шешуші орынға ие болды және кедей бұқараның тірегіне айналды.

1990 жылдан кейін – Чили демократиялық қоғам қалпына келтірілген кезде, тұрғындардың мұндай үйлестірілген әрекеті туралы мәлімет академиялық әдебиеттерде жоқ болып кетті десек болады. 1980 жылдары Чили университеті, Католик университеті (PUC), CIDU, SUR, Flacso, Vicaría de la Solidaridad сынды бірқатар зерттеу орталықтары кезінде танымал болған мобилизация мәселесіне назар аударса да, 1990 жылдардағы академиялық зерттеулер қала шетіндегі лашықтарды қылмыс, есірткі және девиантты іс-әрекеттің ұясы ретінде сипаттай отырып, осы жерлердегі ұжымдық қозғалыстан гөрі демобилизация мәселесіне көбірек көңіл бөлді (Hipscher, 1996; Tironi, 2003).

Сантьягоның шығысында орналасқан Пеньялолен аумағы – Чили қалаларындағы басқа да бастамалар сынды – демобилизация оқиғаларына мысал бола алмайды. Шынына келгенде, Пеньялоленнің танымал қауымдастықтары тек қана өздерінің құқығын білдіріп отырумен шектелмеді, сонымен қатар ол жердегі аудандар мен тұрғылықты жерлердің көлеміне ықпал ете отырып, жүйелі түрде даулы саяси бастамаларды көтеріп отырды.

Өздерінің «өмір сүру құқығын» талап ете отырып, Баспанасыз Тұрғындар Комитеті Басқармасы арқылы Пеньялоленнің әр түкпірінен келген тоғыз жүздей отбасы шығыс аудандардағы бағасы жоғары жерлерге иелік етіп алды. 1992 жылдың қысында олар Эсперанза Андина (Esperanza Andina) қозғалысын ұйымдастырды: Чилидің жаңа демократиялық режимінің алғаш рет жерді оккупациялауы. Күшті қауымдық ұйым арқылы саяси партиялар мен үкімет атынан берілген кандидатуралардан бас тарта отырып, Эсперанза Андина әлеуметтік тұрғын үй саясатына сәйкес кедейлердің шеткі аудандарға орналастырылуына жол бермей, олар үшін сенімді түрде қаланың ішкі аудандарынан әлеуметтік тұрғын үйді талап етті. Бірнеше жылға созылған қарсылықтар, шиеленістер мен келісімдерден кейін тұрғындар өздерінің тұрып жатқан жерлерін заңдастыру құқығына ие болды және сол жерлерде үй салу үшін субсидияларға қол жеткізді.

1999 жылы шілде айында Пеньялолендегі тұрғын үйге деген тұрақты сұраныспен қатар тұрғындардың периферияға қуылуы тағы да жерді басып алуға итермеледі. Ол «Toma de Peñalolén» деген атпен белгілі Чилидегі 1990 жылдан ірі жер оккупациясы болды. 1800 отбасыны біріктірген Тома ұйымы ішкі аудандарда әлеуметтік тұрғын үйді субсидиялауды қамтамасыз етуді биліктен талап етті. Тома ұйымы тарап кеткенмен де 2006 жылдары 900 жуық отбасы Пеньялоленде тұрғызылған үйлерге және көпшілігі басқа аудандардағы жерлерге орналастырылды.

Пеньялолендіктердің әлеуметтік тұрғын үй үшін күресі бүгінге дейін сақталып отыр. Дәлірек айтсақ, 2006 жылы (Movement of Dwellers in the Struggle (MPL) тұрғындар қозғалысы – сол аумақта пайда болған солшыл бұқара қозғалысының ұйымы – өздерінің тұрғылықты жеріндегі әлеуметтік баспанаға құқықты талап ету үшін жергілікті тұрғын үй комитетін ұйымдастырды.

Дегенмен Пеньялолен оқиғалары әлеуметтік тұрғын үй үшін күресіп отырған кедей тұрғындардың қалаға құқықын білдіру үшін жеткіліксіз екендігін көрсетеді. 2009 жылы Пеньялолен тұрғындары мен бұқаралық қозғалыс ұйымдары қаланың жаңа Бас жоспары жүзеге асатындығы туралы хабардар болды. Жаңа Бас жоспар жер қатынастарын реттеуді өзгерте отырып, сондай-ақ аудандарға көлікпен кіру мүмкіндігін жақсарту үшін жаңа автожолдар салуды, жаңа бөлшек сауда дүкендерін аша отырып, жердің құнын өсіру арқылы ауданды жаңартуды көздеді. Бұған қоса жаңа Бас жоспар ауданды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жердің қажеттілігін ескерген жоқ. Кейбір әлеуметтік топтар үшін бұл қолайлы болды, ал бұқаралық қозғалысы ұйымдары жоспарланып отырған джентрификация процесін қабылдаған жоқ. Осы ұйымдар заңдық күші бар аудандық референдум арқылы жаңа Бас жоспарға қарсы үгіт-насихат кампанияларын ұйымдастырды. Әкімшілік пен жергілікті ұйымдар арасындағы даулы кампаниялардан кейін 2011 жылдың желтоқсанында жаңа Бас жоспар демократиялық түрде қабылданған жоқ. Ауданды джентрификациядан қорғай отырып, кедей тұрғындар 1960-70 жылдары өздері тұрғызып баспаналарын сақтап қала алды.

Ло Хермида (Lo Hermida) деген атпен белгілі Пеньялоленнің шығыс аудандары соңғы 25 жылда даулы мобилизацияның күшті мәдениетін дамытты. Ұжымдық әрекетке негізделген қауымдық құндылықтар мен ұқсастықтарға сүйене отырып, басқа әлеуметтік акторлар біріктірген жергілікті территорияларды қайтадан ұжымдық түрде өздерінің аймақтарына қосып алу үшін тұрғындар әр түрлі бастамаларды жүзеге асырды. Мысалы, есірткі сатушылар немесе жеке компаниялар иеленіп алады деген жерлерде жергілікті халық өз иелігін білдіру үшін көршілес алаңдарда музыкалық семинарлар, саябақтар ұйымдастырып отырды.

Пеньялолендегі ұжымдық қарсылықтың тарихқа айналған оқиғалары, чилилік қала кедейлерінің басқа біраз бастамаларымен ұштасады. Олардың негізі қалаға құқықты білдіру болып табылады (Sugranyes, 2010). Бұл қарсылықтар Чилидегі қалалық кедей бұқараның өз қаласына деген құқығын талап ете отырып, тиімді әрі тұрақты даулы әрекетке қабілетті екендігін көрсетеді.

Хаттарды Симон Эскофьерге жолдауға болады <simon.escoffier@sant.ox.ac.uk>

¹ 1920 және 1989 жылдар аралығындағы Чилидегі қала кедейлерінің қозғалысы дәстүрлі испан тілінде «movimiento de pobladores» деп аталды. Мен «pobladores» және «тұрғындар» ұғымдарын бір мағынада қолданғанмен, бұл нақты аударма деп айту қиын, өйткені испан тілді Чилиде бұл ұғым саяси мағынада қолданылады: ол өздерінің ұжымдық құқығы үшін күрескен қалалық кедейлерге қатысты қолданылады.

References

- Harvey, D. (2008) "The Right to the City." *New Left Review* 53: 23-40. Retrieved from <http://newleftreview.org/II/53/david-harvey-the-right-to-the-city>.
- Hipscher, P. (1996) "Democratization and the Decline of Urban Social Movements in Chile and Spain." *Comparative Politics* 28(3): 273-297.
- Santa María, I. (1973) "El desarrollo urbano mediante los 'asentamientos espontáneos': El caso de los 'campamentos' chilenos." *EURE* 3(7): 103-112.
- Sugranyes, A. (2010) "Villa Los Condores, Temuco, Chile Against Eviction and for The Right to the City," pp. 145-148 in A. Sugranyes and C. Mathivet (eds.) *Cities for All Proposals and Experiences towards the Right to the City*. Santiago de Chile: Habitat International Coalition (HIC).
- Tironi, M. (2003) "Nueva Pobreza Urbana, Vivienda y Capital Social en Santiago de Chile," 1985-2001. *Revista de Sociología*. Santiago: Predes Editores.

> Уругвайдағы жаңа қоныстанушылар

және саясат

Мария Хосе Альварес Ривадулья, дель Росарио университеті, Богота, Колумбия, Аумақтық және қалалық даму (RC21) бағыты бойынша Халықаралық Әлеуметтанушылар Ассоциациясының мүшесі



Жаулап алу жоспарланған шет аймақтарда бой көтерген Монтевидеодағы заңсыз құрылыстар Суретті Мария Жозе Алварес Ривадулла түсірген.

ХғасырдыңсоңғыекіонжылдығындаМонтевидео күрт өзгерді: неолиберализм мен демократияландырудың бірігуі нәтижесінде Уругвайдың астанасында одан әрі теңсіздік пен бөлініс тереңдей түсті. Ең елеулі өзгеріс - бейресми қоныстанушылардың санының артуы.

Монтевидеоның қоныстанушылар аймағы сапалық және сандық жағынан өзгеріске ұшырады. Бейресми қоныстар жедел көбейгенмен, олар аз болса жоспарланған еді. Ұдайы деиндустриализация, кедейлік, мемлекеттің шығындарды қысқартуы, төмен жалақы, жалгерлік ақының өсуі сияқты құрылымдық жағдайлар осы өзгерістер негізінде пайда болды.

Егер біз саясат рөлін, сонымен қатар экономикалық өзгерістерді қарастырмасақ, көрініс, дегенмен, толық емес болып қала берер еді, жерлерді басып алу әрекеті де демократияландыру мен электораттық бәсекелестік үдерісіне қатыстылығы осының айғағы болып табылады.

Көбісінің пікірінше, бұл - қатал экономикалық жағдайлардың «шынайы» салдарынан туындайтын, стихиялық үдеріс. Монтевидеоға тереңірек үңілсек, ұйымдардың маңыздылығын көре аламыз, себебі сайлау мен децентрализация сияқты саяси мүмкіндіктерге саяси желілер жауап береді.

Латын Америкасында жаңа қоныстанушылар бекеттерін

>>

қалыптастыруда мемлекет пен саясат соңғы кезде өзіне назарын аудартуда, өйткені бұл қатынас басқа елдерге қарағанда, Латын Америкасында мықтырақ. Дегенмен, Монтевидеодағы жағдай өте ерекше болып есептеледі. Бірақ «cantegriles» деп аталған аккреция үшін инвазиялық жерге түсу 1940 жылдан бастау алады. Ол кезде Уругвай астанасы қалаға көшушілерге ресми тұрғын үй беру арқылы жүргізілген мемлекеттік индустриализация біршама ауыл мигранттарын сіңіре алатындай жағдайда болды. 1980 жылдардың өзінде қалалық әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің өсу белгілеріне қарамастан, Монтевидео экономикалық та, кеңістіктік те жағынан континенттің басқа қалаларына қарағанда, эгалитарлы болып саналды.

Бірақ 1990-жылдары жаңа қоныстанушылар жері кеңейе бастады: 1999 жылы Монтевидеодағы қоныстанушылар мекеніндегі тұрғындардың жартысының жасы он бестен кіші болды, осы жаңа қоныстанушылардың үштен бір бөлігі жерді ұйымдастырылған түрде басып алған еді. Кейбір жоспарланған инвазиялар ең басында тіпті утопиялық пиғылмен жасалынды: алдыңғы қатардағы тұрғындар мекен жайдан басқа өзге де қажеттіліктерін қамтамасыз еткенін қалады. Әдетте солшыл радикалды топтан шыққандар, олардың көшбасшылары жерді жоспарлы түрде басып алу процесін жер реформасының бұқаралық түрі, мемлекеттік тұрғын үй саясаты принциптерін сынаудың жария емес тәсілі ретінде қарастырды. Утопиялығы төмен қоныстанушылар, дегенмен, жер телімін өлшеу-бөлу, жұмыссыз қоныстанушыларға үй салуға көмектесу, көшелер мен қоғамдық орындарды белгілеу, күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру, нормаларды қалыптастыру мен қолдану арқылы жерді басып алуды ұйымдастырды. Бұдан басқа олар әлеуметтік қызметтер, мектептер, медициналық орталықтар мен аймақты заңдастыру шараларын талап ету үшін ұйымдасты. Қоныстанушылар мекені Уругвайдағы қала кедейлігінің соңғы саяси әрекеттерінің көрінісі болар, Портес пен Уолтонның «Urban Latin America» атты кітабында айтылғандай, мұндай процесс - континенттің басқа бөліктері үшін 30 немесе 40 жыл ертерек болған жағдай.

Осы өзгерістердің астарында не жатыр? Бұл сұрақ ерекше назар аудартады, себебі Монтевидео халқы сананың нақты өсуін басынан өткізген жоқ: ауыл мигранттары қала ішінде емес, бейресми елді мекендерге қоныстанды. Монтевидеоның жаңа қоныстанушыларының басым бөлігі - қаланың белгілі аймақтарынан көшіп келгендер. Жаңа отбасын қалыптастыру немесе деиндустриализацияға байланысты жұмыс жағдайының ауыр болуы шалғай бейресми аймақтарға көшуге мәжбүрледі, ал кейбіреулері жалгерлік ақының күрт өсуімен байланысты орын ауыстырды. Алайда, кейбір топтар және аз қамтамасыз етілген отбасылардың кесімді уақыттарда қоныстанушылар аймағына көшуге мәжбүр болғанын, ал, мысалы, аса қиындық тудырған 2002 жылғы дағдарыс кездерінде олардың мұндай жолға бармау себебін тек экономикалық факторлар ғана түсіндіре алмайды. Саясат және, соның ішінде электораттық саясат, Монтевидеоның жаңа аумақтарының пайда болуы мен шоғырлануына жоспарлы түрде қол жеткізді. Уругвай диктатурасының аяқталуы мен үшінші саяси күш ретінде Frente Amplio (Кең Фронт) солшыл коалициясының пайда болуы және ақырында, 1990 жылы Монтевидео муниципалитетінде

олардың билікті жеңіп алуы, қала сайлауларында бәсекелестіктің жоғарылауы – барлығы жерге қоныстанудың жаңа толқынының пайда болуын жеңілдетті және күшейтті.

1990-шы жылдары ұйымдастырылған елді мекендердің басшыларының көпшілігі әртүрлі партиялардың саясаткерлерімен байланысы болды. Алайда, көпшілік қоныстанушылар «біз бейсаясимыз» деп айтқанымен, олар шын мәнінде гипер-саясылық көрсетті. Бәлкім бұрында қауым басшылары жолдарды жөнге келтіріп алу үшін Колорадо Партиясын жақтаған болар, өйткені Қоғамдық Жұмыстар Министрі Колорадо Партиясынан болды; сондай-ақ олар Frente Amplio кеңесімен де қарым-қатынасын үзген жоқ, себебі қоныстануға жарамды жерлер жайлы ақпарат алып отыру мүмкін болатын, сонымен қатар қоныстарды аралайтын Бланко Партиясымен де жақсы байланысты ұстап отырды.

Көп ұзамай, қаланың барлық акторлары мұқтаж отбасылардың тұрғын үй мәселесін шешу немесе партия үшін дауыстар жинау әдісі болашақта күрделі мәселелерге алып келетінін түсіне бастады. Жаңа қоныстанушылар мекеніндегі өмір сүру жағдайы қатерлі, қызмет көрсетілу өте қымбат болса, ал сол уақытта бұрындары қолданыста болған, толығымен әлеуметтік жабдықталған үйлер бос тұр. Қала шенеуніктері мен саясаткерлер бұл мәселелер жайлы хабардар болды. Осы мәселелер 2002 жылғы экономикалық дағдарыс кезінде жерді басып алу саны артпау себебін және қызметінен кетіп жатқан президент Мухика (Mujica) 2011 жылғы жерден көшіру туралы мәлімдемесінде өзінің мақсатын түсіндірді. 2009 жылы солшылдар ұлттық үкіметті екінші рет құрғанда, қала халқы кедейлерінің дауысы үшін бәсекелестік төмендеді.

Монтевидеодағы жер басып алу толқыны салыстырмалы түрде қысқа болғанына қарамастан, оның салдары қалалық және әлеуметтік із қалдырды. Тіпті елдегі экономикалық серпіліске қарамастан «asentamientos» аумақтарында (скваттер қоныстарда) әлі күнге дейін қызметтерге шектеу және біршама әлеуметтік-экономикалық мәселелер бар. Шалғай жерлерді модернизациялау бағдарламасы көптеген жаңа аумақтарға дейін кеңейді, алайда инфрақұрылымның да атқаратын жұмысының шегі бар. Жиырма-жиырма бес жыл оңай ұмытылмайды: қолайсыз жағдайлар мен кедейлікте өскен тұтас бір ұрпақ балалары әлі күнге дейін жаңа қоныстанушылар ретінде танылады.

Дегенмен, барлығы жасалынып жатыр. Жағдайы төмен аудандарда жаңа қоныстанушылар мекендеріне жақын жақсы жабдықталған саябақтар салынууда. Жаңа тұрғын үй бағдарламалары іске асырылып жатыр. Жеке кәсіпкерлердің салық төлеуден босатылуы олардың қаланың әрбір аудандарында тұрғын үйлер салуға ынтасын оятты. Тұрғын үй кооперативтері де өсуде. Дегенмен, жаңа қоныстанушылар жерлері және олардың тұрғындарын тиімді орналастыру әлі де Монтевидеоның ең басты мәселелерінің бірі болып табылады. ■

Хаттарды Мария Хосе Альварес Ривадульяға жолдауға болады
<majo.alvarez.rivadulla@gmail.com>

> Бразилиядағы баспанасыз жұмысшылар қозғалысының дамуы

Сибел Ризек пен Андре Далбо, Сан-Паулу университеті, Бразилия



Сан Паулудың орталығы, Паулиста Авенюда «Көпшілік қолдайтын реформалар мен құқықтарды көбейтуді» талап еткен MTST шеруі

Бразилиядағы баспанасыз жұмысшылар қозғалысы (MTST) 1990 жылдың аяғында құрылды, оның құрамында «негізінен Бразилия қалаларының шеткі аймақтарында орналасқан, қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген аудандарда баспананы жалдап тұратын, миллиондаған бразилиялықтар сияқты ыңғайлы қонысқа зәру, толық емес жұмыс күніне жалданғандар, маманданбаған және бейресми жұмысшылар, жалдамалылар, жұмыссыздар» бар. Қазір Бразилия қала саясатын қарқынды жүзеге асырушы актор ретінде MTST - соңғы жылдары бразилиялық қоғамды өршелендіріп жүрген негізгі мәселелерді қарастырып, көшеде

наразылық шерулердің басты ұйымдастырушысына айналса, оның ұйымдық қозғалыс күші елдегі саяси пікірталастардың негізгі нысаны болды.

Маңыздысы, бұл қозғалыстың 1980 жылы пайда болған тұрғын үйге қатысты шарадан біршама айырмашылығы бар. Қазір тұрғын үйге қатысты жүргізілетін шаралар Партидо душ Трабальадорес (PT, Partido dos Trabalhadores) басшысы болып табылатын федералды үкіметпен бірге ұйымдастырылуда. Бастапқыда MTST Жерсіздер Қозғалысымен байланыста болды (MST - негізінен аграрлық қозғалысты кірістіру), Баспанасыз Жұмысшылар Қозғалысы 1997 жылғы Ұлттық Халық Шеруі

>>

кезінде, Сан-Паулу штатының Кампинас аумағында Озил қалалық саябағында жерсіз белсенділер жиналғанда негізі қаланды. Бес жыл өткен соң Гуарульюсте MTST ұйымдастырған бірінші оккупация болды, ол Анита Гарибальди деп аталды.

Алғашқы жерді басып алудан кейін MTST Сан-Паулу мен Кампинаста кем дегенде он маңызды орталықты және тұрақты басып алды: Чико Мендес (Табу да Серра, 2005); Жоао Кандидо (Итапечерика да Серра, 2007); Фрай Тито (Кампинас, 2007); Иисус Сильвериро (Эмбу Artes, 2008); Сумби душ Пальмарес (Sumaré, 2008); Dandara (Хортолендия мен Санто Андре бір уақытта, 2011); Novos Pinheirinhos (Санто Андре мен Эмбу Арте, 2012).

2013 жылдың маусым айында Бразилия көшелеріндегі шерулер саны күрт өсті. Бұл неолибералдық стратегиялық өзгерістермен байланысты, танымал және ұзаққа созылған демобилизация кезеңі аяқталғанының белгісіндей болды. MTST күнделікті жеке кәсіпкерлер, жылжымайтын мүлік және мемлекетпен таласқа түсіп, белсенділігін одан әрі арттыра түсті. Жиілеген көше демонстрацияларына қосымша 2013 жылдың маусым айы мен 2014 жылдың тамыз айы аралығында бос және қолданылмаған жерлерді, ғимараттарды басып алумен шұғылданған MTST шаралары экспоненциялық түрде өсіп, Сан-Паулу және басқа орталықтарда кең етек жайды: соңғы он екі ай ішінде Бразилияда 100-ден астам осындай іс-шаралар тіркелді.

2011 және 2012 жылдар аралығында 10% өскен тұрғын үй дағдарысы және оған қоса орталықтардағы жер жетіспеушілігінің артуынан Бразилия зардап шегуде. Мүлік нарығының кезекті серпілісіне сәйкес жер, жылжымайтын мүлік бағасының және жалгерлік ақының күрт өсуі нәтижесінде мыңдаған бразилиялық отбасы үйлерінен көшірілуде. Бразилия үкіметінің ел тарихындағы ең үлкен әлеуметтік тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асырып жатырған кезде тұрғын үйге тапшылық еселеніп отыр. Басқа әлеуметтік бағдарламалармен қатар, «Менің үйім, менің өмірім» (MCMV, Минху Касу Минху Виду қолдайтын) атты бағдарлама елдің экономикалық дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік берді, оған қоса бұрын тек жоғары тап өкілдеріне ғана тиесілі болған қызметтер түрлеріне қол жетімділік артты.

Алайда, қаншалықты таңқаларлық болып көрінгенімен, әлеуметтік тұрғын үй бағдарламасы қалалық сегрегация мен

оқшаулануды күшейтті. Бұл үдерісті қала орталықтарында тұратын кедей бразилиялықтарға көмектесу, сондай-ақ жаңа тұрғындардың күнделікті өміріне қажетті инфрақұрылым және қызмет түрлерімен қамтамасыз ету арқылы тоқтата алмады.

Осы тұрғыда Баспанасыз Жұмысшылар Қозғалысы қалалық саясатты қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Дегенмен, қозғалыстар үкіметтің әлеуметтік тұрғын үй бағдарламасымен байланысын тереңдетуі нәтижесінде өз позициясын қиындатты: басып алу төңірегіндегі келіссөздер қозғалысты мемлекеттік саясаттың «ішкі» және «сыртқы» пікірталастарын бір уақытта қамтыды. Бәлкім, бұл қос мәнділік басып алушылар қозғалысы нәтижесінен айқын көрінеді. MTST муниципалитетпен келіссөздер жүргізе бастаған кезде қала әкімшілігі басып алынған жерді тәркілеуге кіріседі. Содан кейін MTST үкіметтің әлеуметтік тұрғын үй бағдарламасына оккупацияға қатысқан отбасыларды енгізуді ұсынды. Бірақ жаңа әлеуметтік тұрғын үй кеңістіктік сегрегацияға алып келуі мүмкін, себебі кедейлерге арналған жаңа тұрғын үй шарасыздықтан қаланың шеткі аймақтарында салынған еді. Бұл кеңістіктік теңсіздікті күшейте түседі.

MTST екі жақты жағдайға тап болды. Тіпті белсенділер тұрғын үй бағдарламасы төңірегінде орын туралы келіссөз жүргізе бастаса – жылжымайтын мүлік нарығында жүзеге асырылатын бұқаралық саясат – жерді басып алушылар мен көшеге наразылыққа шыққандарды үйлерінен қуу, абақтыға жабу, кейде өлтіруге дейін баратын шаралар арқылы әлі күнге дейін басып тастауда. Сөйтіп, Баспанасыз Жұмысшылар Қозғалысы күні бүгінге дейін бразилиялық әлеуметтік саясат қалтарысында қалып қоя қаупі бар мәселелерді көрсетіп жатырғанын байқаймыз: Бразилия қалаларындағы әділетсіздік және теңсіздік сипаты, ішінара табиғат өзгерісі мен әлеуметтік бағдарламалар, тіпті жиырма жыл Жұмысшы Партиясы үстемдігінен кейін жалғасын тауып отырған саяси шиеленістер мен саяси тартыстар. Ең маңыздысы - Бразилиядағы әлеуметтік күрестің негізгі басты кейіпкері ретінде қозғалыс елдегі кедей қала тұрғындарының эгалитарлы және әділетті келешекке деген үмітін жүзеге асырады.

Хаттарды Сибел Ризекке жолдауға болады <cibelesr@uol.com.br>

> Оңтүстік Африкадағы кедейлердің қарсылығы

Пришани Найду, Университет Витватерсранда, ОАР



Оветодағы Орландо тұрғындары Әлем кубогі - 2010 дейін өз аудандарының құрылыс жобасына енбей қалуына қарсы шықты. Суретті Николас Дейлтиенс түсірген

Нәсілшіл емес электоратты демократияның алғашқы жиырмажылдығы Оңтүстік Африкадағы басым нарратив ретінде осы кезеңде қалыптасқан және белсенді болған ресми саяси институттардың, ойыншылардың, саясаткерлердің және процестердің табысын көрсетіп отыр. Соған қарамастан көбіне қарсылықтар түрінде бейресмилік үнемі «басын қылтитып қалады», бірінше кезекте кейбір саяси партиялардың, ұйымдардың немесе кәсіподақтардың шекарасынан тыс кедей адамдардың күнделікті өмірде кездесетін ортақ мәселелері төңірегіне топтаса бастауынан көрініс табады.

Әсіресе, күрес қара нәсілді адамдардың өмір сүру жағдайларын «тұрақты бейресмилік» аясында бекіту үшін апартеидтің жоспарлаушылары анықтаған орындар – бейресми елдімекендер мен қоныстарда зор маңызға ие. Бұл шарттар

қара нәсілді адамдардың бағынышты және «проблемадан тыс» жағдайын сақтаудың қажеттілігі ретінде жасалған. Тұрасын айтқанда, бұл қара нәсілді тұрғындардың қалалық аудандарға заңсыз қоныстануына жауап болатын, апартеистік мемлекет ұзақ жылдар бойы қара нәсілді халықтың (арзан жұмыс күші ретінде ғана қабылданған) қоныс аудару қозғалысын бақылау саясатын дамытуға мәжбүр болды. Осы саясат бейресми қалашықтар мен елдімекендерді құруды жүзеге асырды. Бірақ тап осы жерлерде және осы жерлерден апартеидке қарсы күрес өрши түсті және апартеидтен кейінгі өмір туралы саналуан пікірлер тамырын жайды.

Бүгін, апартеид пен оның институттарының ресми таратылғанына жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, бейресмилік ОАР кедей тұрғындарының өмірін сипаттайды. Олар әлі күнге дейін одан сайын саны артқан, апартеид тұсындағы өмір жағдайлары

сақталған заңсыз елдімекендерде тұрып жатыр

Бұл таңқаларлық жәйт емес, 1990-жылдардың соңына қарай, ең кем дегенде әр қыс сайын (бірақ жыл сайын жиірек) заңсыз қалашықтар мен елді мекендердің тұрғындары лайықты өмір сүру үшін қажетті су, электр жарығы және ыңғайлы баспанаға (негізгі қызметтер) қолжетімділікті талап етіп жергілікті көшелер мен күрежолдарды басып алады. Бұл - 2000 жылдардың бас жағында шағын аумақты шарпудан басталып, 2004 жылдан аса үлкен жылдамдықпен үдей түсіп, күн өткен сайын оңтүстік африкалық өмірдің ортақ белгісіне айналды.

1997 жылдың өзінде кейбір жекелеген келіспеушіліктер елдің барлық аймақтарында байқалды, кедей тұрғындар топтары өз үйлерін электр қуаты көзінен және сүмен қамтамасыз етуден ажыратып тастаған кезде қарсылық білдірген. Келесі

>>

үш жылда халықтың кедей топтары 1996 жылы Африка Ұлттық Конгресі (АҰК) қабылдағын неолибералдық макроэкономикалық саясаттың нәтижесі – жекешелендірудің әртүрлі формаларын енгізудің, оған қоса жұмыстан айырылып қалу мен еңбектің икемділігінің (икемді жұмысбастылық, «икемді» деген құлаққа жағымды болғанмен, бірақ жағымды емес процесті көлегейлеп тұрған сөз, икемді жұмысбастылық – толық емес, тұрақсыз және көбіне төмен бағаланатын жұмыс) салдарын сезінген кезде мұндай хабарлар жиілей түсті.

Муниципалитеттер негізгі қызметтерге ақы төлеудің ережелері тәртібін қатаңдатуына байланысты су мен электрді ажыратып тастау, сондай-ақ үйден еріксіз қуып шығу көбейе түсті. Зардап шеккен тұрғындар бірге жиналып, ұсынылған шарттарды қабылдаудан бас тартып, қарсылық көрсетудің әртүрлі әдістерін қолданды (шерулер мен бекеттерден бастап ресми тұлғалардың жұмыс орындарына кіруіне кедергі жасады, ресми мүлікті бүлдірді, электр қуаты мен суды заңсыз қосып алды). Осы күресте олар әртүрлі, бытыраңқы жағдайларда ортақ жауды – неолиберализм деп аталатын ортақ жауды -идентификациялайтын басқа тәуелсіз белсенділермен өзараықпалдастықта әрекет жасады

2001 жылы күреске қатысушы топтардың тұрақты әрекеттері 1994 жылдан кейінгі алғашқы әлеуметтік қозғалыстар ретінде маңызы бар, Африка Ұлттық Конгресінен (және оған қарама қарсы көзқарастағы) және (кеңірек қарастырғанда) Конгресс Қозғалысынан тыс орналасқан «жаңа әлеуметтік қозғалыстардың» пайда болғанын комментаторлардың хабарлауына түрткі болды.

2002 жылы жарық көрген «Біз - кедейміз» (We Are The Poors) деген танымал кітапта әлеуметтанушы Эшвин Десаи АҰК қабылдаған неолибералдық саясаттың әртүрлі нәтижелеріне қарсы күресу үшін ұйымдастырылған (студенттермен, ғалымдар, зерттеушілер, және басқа да белсенділермен бірлесе) қауымдастықтың

күресінде қалыптасқан жаңа саяси субъект – кедейлердің пайда болғанын мәлімдеді.

2004 жылы осы қозғалыстардың басым бөлігі ыдырау кезеңіне өтті. Мүшелерінің (көбі жұмыссыздар мен кедейлер болатын)жігері мен жауапкершілігіне арқа сүйеген ұжымдар мемлекеттік қысым, ұйымшылдық саяси күрес және ресурстарға қолжетімділікпен байланысты қиындықтардан құралған «жұдырықтағы» күшке төтеп бере алмады. Қозғалыстың тұралап қалуына көп жағдайда мемлекеттің оның талаптарына жауабы да себеп болды.

2000-жылдардың бас жағындағы кеңінен тараған жаңа қозғалыстарға ұқсас күрес түрлерінің 2004 жылы кең тарауы таң қалдырады. Егер күрестің бастапқы кезеңінде ресми жауап барлығының қажеттіліктерін қанағаттандырмаған болса, онда тағы да саясаттың бейресми бөлігі шабуылға шығады.

Негізінен 2004 жылдан бері қандай болмасын ресми саяси құрылымдардан тыс кедейлердің локалды қарсылықтарының көзге түсетіндей таралуына байланысты әлеуметтанушы Петер Александер оларды «кедейлер көтерілісі» деп сипаттайды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында осындай әрекеттерге қатысты «қызметтерді жеткізу үшін күрес» деген түсінікті ойлап тауып, таратып отыр. Барлық жағдайда осындай қарсылықтардың өзегінде нашар жеткізу қызметі (негізгі қызмет пен инфрақұрылымды қоса алғанда) тұрғанына қарамастан, қарсылық қимылдарына парақор кеңесшілер, қоғамдық қорлар мен меншік саласындағы оралымсыздық, сонымен қатар муниципалитет пен тұрғындар арасындағы нашар байланыстар жиі түрткі болады. 2012 жылы қарсылықтар ең кем дегенде күніне бір рет болып отырды.

Тұрғындар ресми шаралар мүмкіндіктерінің бәрін қолданғанда және жергілікті билік органдарынан жауап алмаған жағдайлардың басым бөлігінде қарсылықтар қарқын ала түседі. 2011 жылы Карл фон Холдт жариялаған «Белгі беруші оттар» деп аталатын кейстер жинағында қарсылық көрсетушілер кейде

тиісті органдардың назарын аударудың жалғыз әдісі меншігін өртеу немесе баррикадалардағы шиналарды жағып жіберу («белгі беруші отты» жағу) дегеннен таймайды.

Осындай әрекеттердің көбеюі бұқаралық ақпарат құралдарында «қызметтерді жеткізу үшін қатаң қарсылықтар» деген түсініктің пайда болуына алып келді. Оған қоса полицияның іс қимылдары да аса қатал бола бастады, мерзімді басылым беттеріндегі 2009 жылғы есептерге сәйкес қарсылық көрсеткен 43 адамның қанына полиция «қолын былғады».

Сонымен бірге бүгінгі қарсылықтар АҰК жергілікті құрылымдары мен оған теңестірілген бірлестіктер аясындағы ерекшеліктерге жиі байланысты. Бұл АҰК мүшелері тобының муниципалитеттерге сайланған өз көшбасшыларына қарсы күресі түрінде көрініс алып отыр. Кейде бұл - партия немесе мемлекет аясындағы өзара тартыстың нәтижесі, кейде мемлекеттік патронаж бен баю каналдарына (тендер, лауазым мен қорларға қолжеткізу арқылы) қол жеткізудің формаларын әшкерелеу немесе күмәндану.

Африка Ұлттық конгресінің ішкі алауыздықтарының салдары ретінде кедей тұрғындардың осы күресіне жаңа саяси ойыншылар - Экономикалық еркіндік үшін Күрескерлер (Economic Freedom Fighters) мен Біртұтас майдан (United Front) (металлургтердің ұлттық одағы басқа қауымдастықтар мен азаматтық құрылымдармен бірлесе құрған) қалай қарайтыны қызықтырады.

Саяси ойыншылар өз назарын ресми саясат (партиялар мен парламентке) саласына аударатынына қарамастан, бейресмилік локалды деңгейде бітіспес күрес болып қалып отыр. Бұл жерде тарту мен өндірудің балама түрлерінің әлеуеті бар. Көп нәрсе, әрине, ұжымдық әлеуетке және саясатты әртүрлі әдістермен жүргізу қабілеттеріне тәуелді.

Хаттарды Пришани Найдуга жолдауға болады <Prishani.Naidoo@wits.ac.za>

> Замбия:

Әлеуметтік қозғалыссыз қуылғандар

Сингумбэ Муиба, Кейп Таун Университеті, Оңтүстік Африкасы



Лусакадағы Чиникада замбиялық ұлттық қызмет әскерлері жүргізген үйден қуу кезінде қуылған тұрғындар жағдайдан шығу мүмкіндіктерін талқылап жатқанда, қиратылған үй құландыларының бірінде тұрған бала. Суретті Эмануэль Тембо түсірген.

2013 жылы сәуір айында Люсака Весттегі 10144 учаскеге 15 қаруланған машина мен полиция шабуыл жасады. Үйден қуылатынын күтпеген тұрғындар ұйқыдан шошып оянды. Қарудан үрейі ұшқан адамдар ештеңе істей алмады. Полиция 33 үйді қиратты. 365 адам баспанасыз қалды, олардың ішінде жиырма жылға жуық тұрғандар да үйсіз қалды. Үйлерінен қуылғандардың кейбірі – төмен шендегі полиция офицерлері. Олар үйден шығарылатыны туралы құжатты да алған жоқ. Люсака қаласының әкімшілігі мен сот жасауылдары болмапты.

Адамдарды үйлерінен шығарғаннан кейін полицияның аға офицерлері өздеріне жерді иемденіп алды. Үйден қуу және үйлерді қирату оқиғалары ай бойы жалғасты. Ашу-ызаға бұлыққан үйден қуылған 15 отбасы бірігіп, мамыр айында Вице Президент кеңсесіне сап түзеп келді, бірақ оларды қаруланған полиция тоқтатты және жан-жаққа қуып тықты. Қоғамдық Тәртіп актісінің талабына сәйкес үйден шығарылғандар полиция рұқсатын алған жоқ еді. Көшірілгендер өздерінен басқа кімге шағыданатынын білмеді. Үйден қуып шығуға кедергі ретінде осы наразылық қозғалысының

бастауы неге жеткілікті болмады және үйлерінен қуылғандардың әлеуметтік қозғалысын қорғау неге сәтсіз болды? Осы жерде мен сұрақтардың мүмкін жауабын іздестіремін.

Люсака Весттегі жағдай басқа көптеген оқиғалардың біреуі ғана. Жүздеген үй шаруашылықтарын қоныстарынан шығарып тастау ұйымдасқан түрде жүзеге асқан жоқ. 2014 жылдың Люсакада бірнеше рет қайталанса, 25 шілдеде Канямада он төрт үй босатылды, 3 қазанда Чиникада адамдар 100 үйден қуылды және 18 қарашада Миканго

>>

қыстағынан 18 сарбаз күшпен ауыл тұрғындарын үйлерінен қуып шығып барақтарға орналастырды. 2007 жылы Замбия үкіметі өзінің үйден қуу саясаты нәтижесінде заңсыз басып алынған қоғамдық және жекеменшік жерлерді қайтарды 2011 жылы Патриоттар майданы билікке келген кезден бастап заңсыз және ыңғайлы абаттандырылған скваттерлік елдімекендердің өзін, олардың алдындағы үкімет саясатының бағыты ретінде осы статусқа қол жеткізгеніне қарамастан қиратуды жалғастырды. Үйден қуып шығу процесінде заңды рәсімдер жүзеге аспады, кейбір жағдайда үйден қуып шығу адам өлімімен аяқталған. Бұл оқиғалар қоғамдық алаңдаушылық тудырды.

Осы жағдайлар әлеуметтік мобилдікке ықпал етті – қала тұрғындарының 70% қала шетіндегі лашықтарда тұрады, соның ішінде заңсыз басып алынған қоныстарда тұратындар бар және олар қала тұрғындарымен біріге отырып қауіпті бұқаралық тобырды құруы әбден мүмкін; сондай-ақ елдегі қарсылық және ұжымдық әрекеттердің мұқият хатталған тарихы бар. Қарсылықтың болмауын қалай түсіндіруге болады? Біріншіден, саяси элитаның қолдауымен 1955 жылда жарияланған Қоғамдық Тәртіп туралы Заңынан бері келе жатқан интолеранттылықтың ұзақ тарихы бар. Қоғамдық Тәртіп туралы Заңды Британдық отарлық әкімшілік бостандық үшін күресіп жүргендерді бақылау үшін пайдаланған. Жаңа сайланған президенттер Заңды жойған жоқ. Заң наразылық білдірушілерге полиция және ішкі істер министрлігінен рұқсат алу талабын қойған. Рұқсат алу мүмкіндігі аз. Наразылыққа шығудың алдында оларға жеті күн беріледі. Заң және оппозициядағы саяси элита мақұлдаған жағдайға қарамастан рұқсат берілмеген жағдайлар жиі кездеседі. Сонымен

заңсыз елдімекендерден қуылғандар де факто қорғалмайды, көп жылдар тұрғанына қарамастан заңсыз жерге қоныстанушылардың заңды наразылық білдіру мүмкіндігі жоқ.

Қарсылықтың көрсетілмеуіне саяси элитаның реакциялық сипаты ықпал етіп отырғаны ғана емес, сонымен қатар рұқсатсыз шеруге шығудан қорқу да себеп болып отыр. Қоғамдық Тәртіп туралы Заң ережелерін бұзылған кездегі полицияның озбырлығынан тіпті абаттандырылған елдімекендердің тұрғындарының қатты қорқады.

Мысалы, әуежай қасындағы Кампасада 2013 жылдың 14 маусымында күштеп қуылған екі ер адамға оқ атылған және Замбия Ұлттық Қызметі біреуін жарақаттады.

Абаттандырылған елді мекенде тұратын маған сұхбат берген Джоржэ жақын арада болған үйден қуу шараларына байланысты, өзінің тұру рұқсатының мерзімі аяқталмаса да қуылып кетуі мүмкіндігіне алаңдайды. Егер үкімет олардан үйден шығуын талап етсе не істейтіні туралы сұрағанымда, басқа жерден баспана іздеуге, кетуге мәжбүр болатынын білдірді.

Үкімет пен азаматтық қоғамның үйден қуылу күтіп тұрғандарды қорғауы көңіл көншітпейді, өйткені қаржылық ресурстары жеткілікті емес. Ата заңда үйге деген құқық бекітілмеген, себебі Президент Мванаваса 2008 жылы үйге құқықты бекіту жөнінде үкіметтің қаржылық ресурстарын осы құқықтарды мойындауына міндеттеу туралы жариялаған кезде, үкімет қаржының жоқтығын мәлімдеді. Осы жағдайда үйден шығарылғандардың ресми өтемақысын беруден бас тартты. Заңсыз елді мекендерді көркейтуден гөрі тұрғындарды үйден қуып шығуы арзандау болып шықты.

Заңсыз елді мекендерде тұратындардың құқығын қорғауға бағытталған азаматтық қоғамның ресурстары мүшкіл. Замбиядағы Пипл Процесс он Хаузинг және Повети деп аталатын ұйымдар арқылы Замбия Жер Альянсы және Хоумлесс Интернэшнл үйден қуып шығуға қарсы күресуі керек еді, бірақ іс жүзінде олар осы іспен айналысқан жоқ. «Альянс көп жағдайда қауымдастықтарды мобилизациялаған жоқ немесе қоғамның мүддесіне алынған жерлерді, көбісі күткендей, мүмкіндігі сәтсіз және қолдағы ресурстары керек жерге жеткен жоқ» (Zambia Land Alliance, 2014, <http://www.zla.org.zm/?p=9>). 2010 жылы үкімет пен азаматтық қоғам ұйымдары бірге сыбайлас жемқорлықтан күдіктенгендігінен атқаратын міндеттерінің орындалуы тоқтатылды, осының нәтижесінде көптеген жобалардың іске асырылуы 2 жылға тоқтатылды. Осылайша, бұл ұйымдар қызметі - бұйрық беру және болмаған шерулермен қорқытудан аса қойған жоқ.

Қорытындылай айтқанда, үйден қууға қарсы қозғалыстың екі маңызды нәтижесі бар. Олар Люсака мен Замбиядағы жаңа әлеуметтік қозғалыстар, бірі - саяси элитаның түрлі формадағы ашық зомбылығы және екіншісі - мемлекет пен азаматтық қоғамның баспана мәселелерді шешетін бар қаржылық ресурстарының шектеулігі. Үйлерінен қуылған адамға ешбір өтемақы төленбеді және ұйымдастырылған наразылықтың мақсатын көрмеуге тырысатыны айқын болды. Үйден қууға қарсы қозғалыстың дамуына қоғамдық тәртіп заңының өзгертілуі мен экономикалық өсуі ықпал етеді. ■

Хаттарды Сингумбэ Муибаға жолдауға болады <singumbe.muyeba@uct.ac.za>

> Fablabs және хакерлік кеңістік жаңа мәдениеттің қалыптасу процесінде

Изабель Беррэби-Хоффман, Мари-Кристин Бюро, және Майкл Лелльмент, Экономикалық әлеуметтанудан пәнаралық лабораториясы, Өнер және қолөнер консерваториясы, Париж, Франция



Хакердің үйреншікті орны. Суретті Мишель Лалемен түсірген

Заманауи экономикада айырбастың жаңа түрлері, бірлескен өндіру мен тұтынудың жаңа тәсілдері сияқты мәселелер туындайды. Осы тұрғыда ұжымдық игілік меншікке емес, қолжетімділік пен қолдануға негізделген фаблабс және хакерлік шеберханалар деп аталатын құбылыс ерекше орын алады. Фаблабс - қатысушыларға сандық бағдарламалық басқаруға негізделген құрылғыларда өздеріне қажетті тетіктерді дайындау мүмкіндігін ұсынатын шағын шеберханалар. 2000-жылдардың ортасына қарай пайда болған осы жаңа өндірістік ұжымдарда жаңа еңбек этикасы қалыптасты: мәдениет жасаушы.

>>

Әлемнің әр түкпірінде шашырап жатырған осы кеңістіктер әртүрлі аталады: fablabs, хакерлік қоуымдастықтар, үй-лаборатория, техникалық дүкендер және басқаша. Осының бәрі адамға әртүрлі (бұрын бір біріне үйлеспейтін) заттарды араластырудан ләззат алуға, бағдарламалық кодтауды, жәй киім немесе тамақтың жаңа стилдерін ойлап табуға шабыттандырады. Осындай жаңа кеңістіктер өндірудің, ынтымақтастықтың, тұтыну мен оқытудың жаңа тәсілдерін қалыптастыруға мұрындық болатын астаналар мен ірі қалаларда бірінші кезекте пайда болады.

Аталмыш салада 3D-принтер маңызды құрал болып табылады, оның көмегімен ғаламтордан қажетті мәлімет ізделеді. Нәтижелер күткендегідей болмаса да, алға жылжу бар екені сөзсіз. Фаблабстардың көпшілігінде компьютер арқылы басқарылатын кәсіби құрал-саймандары бар, олар - кескіш, лазерлік кескіштер, трафареттік басу принтерлері (шелкография), фаблабстың мәні «іс жүзінде ештеңеден» «бәрін жасау» болып табылады. Бірнеше жыл бұрын осы құрал-саймандар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін, осы құрылғыларды пайдалану үшін бірнеше ай оқу керек болатын. Бүгінгі күні осы құрал-саймандарды игеруге бірнеше сағат ғана қажет. Сонымен қатар машиналар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді жасақтау бағасы едәуір арзандап отыр. Осылайша, жеке компьютерлер адамға технологиялық әлемде бағытын анықтауға, ал жеке жасақтама әзірлеушілер адамға физикалық әлемге енуге мүмкіндік береді. Ортақ құндылықтары болуына қарамастан, Барселонадағы, Берлиндегі, Сан Францискодағы, Париждегі немесе Бейжіңдегі фаблабстар бір біріне ұқсамайды. Фаблабс Массачусетс технологиялық институтында 2000 жылдың басында пайда болды, ал хакерлік лабораториялардың түп төркіні ақпараттық технологияларды зерттеу және жасау үшін жиналатын кәсіпқойлар емес, әуесқойлардың ерекше ұясы болған компьютерлік клубтар кезеңі - 1970 жылдардың басындағы Калифорнияда жатыр.

Олардың кейбіреулері ашқан жаңалықтарымен тегін бөлісті, ал басқалары, соның ішінде Стив Джобс және Билл Гейтс дәстүрлі капиталистік жолды таңдады. Ұйымдастыру тұрғысынан хакерлік шеберханалар fablabs-тан айырмашылығы жоқ. Бағдарламалау тәжірибелері кәсіби хакерлік кампанияларда тіпті аса жетілген болғанына қарамастан, әуесқойлардың хакерлік шеберханаларында өндіру және жасап шығару үшін ұқсас құрылғыларды кездестіруге болады. Сондай-ақ, фаблабстар сияқты, осы шеберханаларға қол жеткізу қарапайым адамдар үшін маңызды көрсеткіш, екіншіден, бұл шеберханалар - инновациялар мен өндіріс кеңістігі ғана емес, сонымен қатар ұжымдық үйрену мен біліммен алмасу кеңістігі. Аталмыш шеберханалар ішінара орналасқан жеріндегі аумақтарға тіркелген. Олар жаңа өнімді экожүйелердің сұлбасын сыза отырып, желіде жұмыс жасайды.

Кейбір мамандар оларды жаңа өнеркәсіптік революцияның бастауы немесе капитализмнен өркениетті жолмен шығудың авангарды деп есептейді. Бірақ осы шеберханалар қаншалықты салмақты екенін қабылдауды түсіну үшін мұндай қорытынды жасауда соншама алысқа бармау керек. Бұл кеңістіктер техникалық, саяси жіне ұйымдастыру деңгейінде инновацияларға тым толы. Әрине, олардың орны үстем экономиканың шеткі жағында, алайда артып отырған танымалдығы адам әрекеті тәсілдерінің, яғни адамның қалай өндіретіні, шешім қабылдайтыны және әрекет ететініндегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерден көрініс табады. Осы жаңа өндірістік алаңдарды зерттеуді бастаған әлеуметтанушылар аталмыш кеңістіктер гетерогенді екеніне қарамастан оларға хакерлік қауымдастықтарды ұйымдастырудың жалпы ережесі тән. Осындай мәдениетті жасауға тең құқықты және жазықта орналасқан желілердің негізінде жұмыс пен ынтымақтастықтың жаңа тәсілдері арқасында бірнеше онжылдықтар бұрын қалыптасқан ашық кеңістік мүмкіндік беріп отыр. Тауарлар мен қызметтерді ң жаңа тәсілдері Copyleft деп аталатын лицензия (бастапқы өнімді тарату және онымен жұмыс жасауға жалпы және мүлтіксіз құқықты, сондай-ақ оның болашақтағы барлық модификацияларына құқықтар анықтайтын авторлық құқықтар заңдарын қолдану концепциясы мен тәжірибесі) арқылы мүмкін болды

Лабораториялар мен шеберханалардың жаңа мәдениетін өндіру дизайн әлемінде Уильям Моррис енгізген сыни индустриялық қоғам дәстүрлерінен шабыт алды. Біздің жақын арада хакерлік шеберханаларда жүргізген сұрауымыз, жаңа мәдениетті балама ретінде жасаушылардың басым бөлігі академиялық ғылымға көңілі қалған 30 жастағы ақ нәсілді америкалықтар екенін көрсетті. Google инженерлерімен қатар үйсіз технарлардан тұратын осы шеберханалардың бір ғана мақсаты бар: бұзып аша отырып, компьютерлердің көмегімен инновацияларды, тіпті физикалық объектілерді және тұтас алғанда қоғамды өндіру. Олардың кейбіреулері Силикон алаңындағы өндірістік процестерге белсене қатысса, әсірешілдеулері орныққан тәртіпті сынайды, мысалы әлеуметтік қарсылық қозғалыстарына қатысу арқылы. Күрделі құрылымдық дағдарыс дәуірінде жұмыстың, шешім қабылдаудың, тұтынудың және қатар өмір сүрудің жаңа әдістерін ұсынып отырған нақты қиялды, яғни осы баламалы кеңістіктерді зерттеу өте маңызды. ■

Хаттарды Майкл Лелльмент жолдауға болады <michel.lallement@cnam.fr>

¹ Berrebi-Hoffmann I., Bureau M.-C., Lallement M. (eds.), Recherches sociologiques et anthropologiques, special issues "Tiers lieux de fabrication et culture collaborative. De nouveaux mondes de production sont-ils en train d'émerger?" (forthcoming).

> Мультимәдени қоғамдағы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету

Бернард Фьюсьюлиер, FNRS, Лувен Университеті, Бельгия және **Шанталь Николь** - Дранкоурт Университеті, Париж, Франция



Жұмыс орнындағы өзекті гендерлік саясат.
Арбу иллюстрациясы

Туу деңгейі мен аналар арасындағы жұмысбастылық деңгейінің төмендеуі, сонымен қатар ана болудан бас тарту күрделі демографиялық қауіп және өзекті мәселе ретінде әлеуметтік әл-ауқаты жоғары елдердегі әлеуметтік жағдайлармен байланысты қарастырылады.

Соңғы жылдардағы қаржылық және бюджеттік дағдарыс әлеуметтік келісімшарттардың барлығына, әсіресе гендерлік теңдік және «отбасы – жұмысбастылық» арақатынасына ықпал етті.

Саясаткерлер барлық деңгейлердегі әлеуметтік ынтымақтастық процесіндегі әйелдер рөлінің маңызын көрсетіп отыр. Еңбекнарығындағы әйелдер үлесі, сонымен бірге әйелдердің үй шаруашылығындағы міндеттерді орындауы мойындалуда, бұл қиын кезеңде институттық дисбалансты теңестіре отырып, әлеуметтік және экономикалық дамуды қамтамасыз ететін ерекше құндылыққа айналатын әйел еңбегін еселендіре түседі.

Жаңа әлемдік дағдарыс жағдайында, көптеген адамдар балаға және басқа да күтуді қажет ететіндерге қарауды тұрақты кәсіби мансаптың қажеттіліктерімен бірге алып жүруге үміт артады. Олар осы екі жауапкершілікті арттыруда, қоғамда орын алатын гендерлік еңбек бөлінісіне және осыған байланысты репродукциялық қызметті орындауда, бүгінгі күні және әрқашан үй жұмыстарын орындаудағы бар жауапкершілік әйелдердің мойнында екеніне күмәнданбайды. Сондықтан, көптеген елдер ата-аналарға көмек көрсету қажеттілігін ескере отырып, отбасы-жұмысбастылық балансын жеке адамның және қоғамның маңызды мәселесі ретінде қарастырады.

Бірінші көзқарасқа сәйкес, қоғамның қатынасы гендерлік/бейтарап болып көрінеді: бұл позицияның мәні мынада-

>>

кірістерді ажырату үшін барлығына жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Әлеуметтік әл-ауқаты жоғары мемлекеттерде (осы режимге өтіп жатқан барлық елдерді қоса) біз әлеуметтік саясатта бұрын-соңды болмаған өсуді байқап отырмыз, оның негізгі бағыты - жұмыс және отбасылық міндеттердің үйлесімі, салық реформаларынан және жәрдемақы жүйесінен бастап, баланы күтумен байланысты басқару жүйесін жақсартуға дейін, жалпы еңбекті ұйымдастыру көзқарасы тұрғысынан кәсіби және отбасылық өмірдің тепе-теңдігін жақсартуға бағытталған тәжірибелерді ынталандыру.

Соған қарамастан, көптеген елдерде осыған ұқсас саясатты енгізуде өзгерістер байқалуда. Гендерлік бейтарап риторикаға қарамастан, саяси күн тәртібінде орын алған шаралар, тәжірибе жүзінде өзінің бейтараптылығын жоғалтып отыр. Барлығы үшін өмір сүретін ата-ана және отбасы іс жүзінде жұмыс жасайтын аналарды қолдауда басымдылыққа ие болған тәсіл болып табылады; барлығы үшін қысқарталған жұмыс уақыты әйелдер арасындағы толық емес жұмысбастылыққа алып келеді; декреттік демалыс мерзімі әйел мен баланың жағдайын жақсартуға байланысты анықталады және т.б. Басқаша айтсақ, өз мағынасында бұл шаралар ер адамдарға емес, ата-аналарға емес, шынайы немесе әлеуетті әйелдерге бағытталған. Мысалы, 2014 жылдың қазан айында Фейсбук және Аппл жұмыс істейтін әйелдерге «ерлермен бірдей еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін» өздерінің ұрық жасушаларын қатырып қойып, өздерінің тұрақты мансабын қалыптастырғаннан кейін бала туу мүмкіндігін иелене алатындығын ұсынғанын ашық түрде мойындады.

Нақты бұл үлгі трансформацияланған үлгілердің өзгеруіне қарсы көрініс —

бұл өзгерістер жұмыс жасайтын ата-аналарға көмек шараларына қарамастан орын алуда. Одан әрі қарай аналардың жұмысбастылығын сақтау - әйелдердің көп бөлігі «екі жұмысты» қатар алып жүруі, отбасын және жұмысты қолдауда, қаншалықты әйелдерден табиғи және психикалық тұрғыдан өзінің артықшылығы ретінде жұмысын орындауда талап ету мүмкін және бұл тәжірибелер қаншалықты әлеуметтік болмыс идеалдарын бұзады деген арандатушы сұрақтар шынайы саяси мәселе болып қалыптасады.

Кәсіби және отбасылық өмірдің арасында тепе-теңдік орнату мүмкіндігі әлі болса да жеңістен алыс. Біз ішінара шешімдерді ұсына отырып (жыныстық еңбек бөлінісінің еш өзгертусіз болашақ аналар тарапынан кіріс алу), жалпы сұрақтардан бастаймыз (ата-аналарға отбасылық және кәсіби өмір балансын сақтауда қалай көмектесе аламыз).

Алға қарай жылжу, мобилизация сыннан және қоғамның ұйымдастырылған және институтталған негіздерін қайта құрудан басталуы керек, 19 ғасырдағы жалақыға негізделген қоғам және 20 ғасырдағы қоғам — әлеуметтік әл-ауқаты жақсы мемлекет. Әлеуметтік механизмдерге қатысты сұрақтар қою және осы тәртіптен шығатын тәжірибе шынайылығын қайта құру қажет. Арнайы әлеуметтік келісімдердің гендерлік табиғаты жөнінде сұрақтарға жауап беру қажет: өндіріске негізделген әлем идеясы, қолдау иеленетін атомдалған өндіруші жөніндегі идея, ер адам үлгісі - отбасын асыраушысы, ынтымақтастықтың маскулиндік жиынтығы. Қызметтің өндіретін және қайта өндіретін түрлерінің әлеуметтік бөлінісін, сонымен қатар олардың гендерлік сипатын қайта құру керек.

Егер осы барлық болжамдарды салмақты түрде қабылдасақ, онда біз

балама қоғам, қосалқы әлеуметтік пайдалы қызмет жұмысбастылықтан тыс қаралмайтын санаудың жаңа жүйесін ұсынуымыз керек. Біз қоғамды жалақыға негізделген «мультибелсенді қоғамға» трансформациялауды бастай алар едік. Жұмысбастылық әрекеттің басқа түрлерімен қоса қайта қарастырылып, әлеуметтік инвестиция тарапынан лайықты қолдау тауып, соның нәтижесінде қызметтің бірде-бір түрі үстемдік етпейді немесе жыныстық тегімен анықталмайды. Осыған орай, жұмысбасты болмау сирек құбылыс болады және жұмыс-отбасы мәселесі тек қана әйел мәселесі болудан арылады.

Бұл трансформация қызметтің жаңа тәртібін прогресшіл сипатта қалыптастыруды талап етеді, қайраткер болу статусы тек қана жұмысбастылық шеңберінде анықталмайтын болады, ол өзіне қамқорлықты және азаматтық еңбекті біріктіретін жұмыстың инклюзивті түсінілуіне негізделенетін болады. Осы позицияның перспективасы тұрғысынан қоғам тек қана ақша төленетін еңбекке және нарықтық емес жұмыс формаларына фокусталамайды; бұның орнына қоғам әл-ауқат және жалпы мүддеге ықпал ететін қызметтің барлық түрін мойындау арқылы жұмысбастылықтың барынша кең концепциясына қарай жылжитын болады.

Хаттарды Бернард Фьюсьюлиер
<bernard.fusulier@uclouvain.be>
мен Шанталь Никольға жолдауға болады
<drancourtchantal@hotmail.com>

> Жұмыстағы СОЗЫЛМАЛЫ ауру туралы келіссөз

Энн Мари Вазер, Доминик Луилье, Фредерик Бружей, Пьер Ленель, Гийом Уэ, Джоэль Мезза және Кэти Германд, Ұлттық өнер және қолөнер консерваториясы, Париж, Франция

Францияда жұмыспен қамтылған еңбекке қабілетті тұрғындарды толғандыратын мәселелер екі себепке келіп тіреледі: еңбекке қабілетті тұрғындардың қартаюы мен жиілеп бара жатқан созылмалы аурудың обырға ұласуы. Ұзақ мерзімді бағдарламалар бір жыл ішінде диагноз қоюдың санын арттырды, сондықтан медициналық прогресс, дертті ерте анықтау және асқындырмай емдеу бұрын өлім жағдайына алып келген дерттің созылмалы сипатқа ауысуына мүмкіндік берді. Францияда жұмыспен қамтылған еңбекке қабілетті 15 миллион жас азаматқа созылмалы ауру диагнозы қойылған, бұл олардың 20% құрайды.

Науқастардың ұйымдары дертке шалдыққандардың ұзақ уақыт бойы ауырып немесе мүгедектікке шалдығып өмір сүріп отырғанына алаңдап отыр. Бірнеше ауру түрлерін (соның ішінде гепатит, ВИЧ, обыр, алаңғасар склероз, қант диабеті) зерттеуге жауапты агенттіктер соңғы талап етіп отыр

Нақтырақ айтқанда, оларды адамдардың аурудан кейін жұмысқа қайта оралуы, сонымен қатар олардың жұмыс орнын сақтап қалғаны туралы мәселелер қызықтырады. Осы контекст аясында психологтар мен әлеуметтанушылар біріктіретін қызметтік зерттеу жобасын даярладық: а) ауруы туралы диагнозы қойылғаннан кейін жеке тұлғаның қандай шартта жұмысқа қайта оралғанын және жұмысты сақтап қалуын түсіну; ә) олардың жұмыспен қамтылуындағы жеке және ұжымдық ресурстарының үйлесімі.

Осы зерттеу жобасы үш ірі француз фирмасында жүргізілді. Екі жарым жыл бойы ауруы жөнінде нақты диагнозы қойылған, жұмысқа қайта оралғысы келетін немесе жалғастырғысы келетін, ақшалай табыс әкелетін немесе әкелмейтін (қамқорлық, білім беру, қоғамдық жұмыстағы еріктілер және т.б.) өздері ұнататын кез келген қызмет түрімен айналысуды қалайтын адамдарды зерттедік.

Олардың әлеуметтік жағдайларын зерттеу үшін үш иерархиялық деңгейді қарастырдық: а) денсаулығына қатысты жұмыс орнында және әлеуметтік мәселелерімен байланысты адам ресурстарын басқару әдістері; ә) науқастың шаршаңқылығы, уақытша немесе ұзақ мерзімге жұмысқа жарамсыздықтың жеке жағдайларымен айналысатын денсаулық қызметкерлерін; б) өз әріптестері сияқты аурудан кейін жұмысшылардың жұмысқа қайта оралғандағы адамдардың кәсіби өміріне, отбасылық өміріне, ортаға, қауымдастыққа аурудың ықпалын тигізетін барлық элементтерді талдадық. Нақтырақ айтқанда кедергілер туралы, осы кедергілерді жеңуге көмектесетін ресурстарды және осы ресурстарды сұрастырдық, оларды қандай жағдайда қолдануға болатынын сұрадық.

Біздің зерттеуіміз науқас немесе мүгедектігі бар қызметкерлермен шектелген жоқ. Дімкәстігіне байланысты жеңілдік сұрағандар мен өз дерттері туралы әріптестеріне айтпаған қызметкерлердің ресурстарын салыстыруға тырыстық. Осы әлеуметтік жәрдемақыны алу үшін жұмыскерлер талапқа сәйкес сертификаттарды беретін агенттіктер қызметіне

>>

“9,9 миллионға қажет екеніне қарамастан, тек 2,5 миллион адам ғана ауру сертификаттарын талап етеді”

жүгінеді. Маңыздысы, Франциядағы созылмалы ауруы немесе мүгедектігі бар қызметкерлердің көбі жеңілдіктер сұрамайды.

Шын мәнісінде тек қана 2,5 миллион адам ғана ауруы туралы сертификатты сұраған, дегенмен 9,9 миллион адам сертификатқа ие бола алар еді. Біз ауру туралы мәліметтердің ашық және жабық болуының салдарын түсінуге тырыстық.

Зерттеу нәтижелері сертификатталған ауруды немесе жұмысқа жарамсыздыққа бекітілген өкілетті жеңілдіктер стигма немесе әділетсіздік деп қабылданатынын көрсетті. Пәнаралық сараптау комиссиясы бекіткен жеңілдіктер ауру түрлерінің басым бөлігінің өзгермелілігіне қарамастан өте қатаң болды.

Осы өтемақылар жұмыс орнында дұрыс түсінбеушілік туғызады, өтемақының мерзімін, түрін, типін талқылағанда әріптестер мен супервайзерлер тыс қалды. Осы жерде өтемақыны өтеуде кедергі туғызатын екінші мәселе бар: жұмыс жағдайы жөніндегі нақты мәліметтен толық хабары жоқ жоғарыда отырғандардың адами ресурстар немесе денсаулық қызметін күштеп енгізуі. Осы шаралар бастықтардың келісімімен әріптестердің арасындағы бейресми ымырашылдық пен ыңғайлы жағдайларға жиі назар аудармайды.

Алдын ала келісілмеген диспозицияларға қарағанда, өзара ынтымаққа негізделген біз зерттеген шаралар жұмыс орнында шиеленіс тудырмайды. Жеке және ұжымдық әрекеттердің өзара қолдау негізінде болатынын анықтадық. Жалпы айтқанда локалды келісімдер нақты жағдайға негізделген.

Біздің зерттеулеріміз әлеуметтік акторлар әділетті деп танытын және ауруына байланысты демалысқа жіберудің бірнеше, яғни олар құқықтық шаралар мен жергілікті механизмдердің гибриді (қосындысы); жұмыс орнында қиындықтарға тап болатындарға арналған; өтемақылар келісім нәтижесінде тағайындалған деген сипаттамаларға сәйкес болғанда сәтті жеңілдіктер екенін көрсетті.

Осы әлеуметтік акторлар кез келген жұмысқа жарамсыздар мен қызметкерлерге арнайы компенсациялар керектігін көрсетеді. Олар кейбір құқық беретін сараптамалық сертификаттарға сенімсіздік білдірді, себебі оларды аурудан пайда тапқысы келетіндей қабылдады.

Жалпы фирманың ішкі өміріне бағытталғанын ынтымақтастықтың, еріктің, өзара көмек және еңбекке жарамсыздықтың өтеуінің шекарасына кірмейтін көмекті беретіндер мен пайдаланушылар үшін жұмыс орнында қолайлы өзара қолдау жағдайын жасауға тырысқан әрекеттер еді.

Науқастар ұйымдары өз мүшелерінің нақты жағдайынан толық хабардар болса, олардың еңбек жағдайларын өзгерту жұмысын бастар еді. Ең маңыздысы, олар адамдарға өмірдің мәнін түсінуге талпынысын қайта оятар еді, науқастың өзінің сәйкестілігін қалпына келтіруіне және ұжымдық құқықтарының кейбір тұстарын түсіндіруге мүмкіндік берер еді.

Хаттарды Энн Мари Вазерге жолдауға болады <anne-marie.was-er@cnam.fr>

> Индонезиядағы демократия салтанаты

Люсия Рати Кусумаведи, Индонезия университеті, Депок, Индонезия, Дін әлеуметтануы (RC22) мен Әлеуметтік таптар және Әлеуметтік қозғалыс (RC47) бөлімдері бойынша Халықаралық Әлеуметтанушылар Ассоциациясының мүшесі



Президенттік топты жақтаушы Йоко Уидодо мен Юсуф Калла Джакартада өз іс-шараларын ұйымдастыруда.

“**Қ**ұрметтейміз! Жеңістің бастауы! Джокоуиге дауыс беруді ұмытпайық!” деп 2014 жылдың 5 шілдесінде Slank атты танымал рок-топ Джакартаның Bung Karno стадионында Индонезия президентіне үміткер Джокоуиді және оның вице-президенті лауазымына үміткер Джузуф Калланы қолдау мақсатында қуана және шаттана ән салды. Оларға он мыңдаған қолдаушылар қосылды: жасы мен кәрісі, әйелі мен ері, байы мен кедейі – барлығы тегін концерт кезінде бірге ән салды. Біршама уақыт өткеннен кейін, олар күткен ер азамат та пайда болды: Джокоуи

сахнаға шығып, өз жақтастарын қошаметтеді. Айнала у-шу, азан-қазан, себебі жиналған жұрт стадионның тұс-тұсынан екі саусағын көтеріп, «Джокоуи! Джокоуи!» деп қошаметтеп жатты.

Индонезиядағы сайлау осы жылы алғаш рет «халықтық демократияның шынайы бағытын» қайта жасады. Бастама екпінін тоқтату мүмкін емес, себебі өте көп адам осы ауқымды қозғалыстарға белсене қатысып отыр еді. Олар науқанды ұйымдастыруға жұмсалатын қаражат көлемін 295 миллион рупийге дейін жеткізді. Сайлау болатын күні адамдар сайлауда бақылау және

>>

алаяқтықтың алдын алу үшін бірігіп жұмыс жасады.

Бұл - Индонезияның жағымды жаңа демократиясының көрінісі: пасық саясат пен радикалды демократиялық реформаларды жиі қолданатын, билікқұмар саясаткерлерге белшесінен батқан бастапқы демократиядан біршама өзгеріс байқалды, яғни жаңа демократия өркениетті және гуманистік бағытты мақсат етті. Соңғы индонезиялық сайлау кезінде саяси партия элиталары тәжірибеде жиі қолданатын, саяси мобилизацияға негізделген келісім қолданыстан шығып қалды және көнеру қаупі төнді. Оның орнына өз еркімен қатысу ниетіне негізделген жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көріп отырмыз.

Өзгеріс немен байланысты? «Джокоуи ықпалы» жаңа бастаманың негізгі факторы болды, өзгерістер желісі орын ала бастады. Осы сәтте әлем «Уақыт келді!» дегендей еді, яғни өзгерістерді аңсаған ниет аяқ асты болмай, ұзаққа созылған хаостан фрустрациялану мен жиіркенушілік, жемқорлық пен саяси олигархия өзінің кульминациялық кезеңіне жеткет уақыт орнады.

Көбіне Джокоуи деп танылған Джоко Уидодоның (Joko Widodo) соңғы екі жылда танымалдылығы арта түседі. Қарапайым отбасынан шыққан, адал және еңбекқор адам ретінде белгілі Джокоуи кезінде кәсіпкер болған, саяси мансабын 2005 жылы Орталық Явадағы ірі қалалардың бірі Солоның мэрі ретінде бастаған. Ол Соло қаласын туризм мен мәдениет орталығына айналдыру үшін жемқорлықтан тазартып және алған бетінен қайтпай еңбектеніп, мемлекеттік саясатта гуманистік бағытын ұстануымен халыққа жағымды болды. 2013 жылы Джокоуи City Mayors Foundation бойынша «әлемдегі ең үздік мэр» үштігіне енсе, 2014 жылы Fortune журналында «ең ұлы әлемдік 50 көшбасшы» тізімінен орын алды.

Джокоуидің Соло қаласындағы жетістіктері оның саяси мансабының бастауы болды. 2012 жылы елдің басты оппозициялық партиясы - Индонезияның Демократия үшін Күрес партиясы (PDI-P) Индонезияның астанасы Джакартаның губернаторынан қолдау тапты. Губернатордың орынбасары Тяха Басуки Пурнамамен бірге (Tjahaja Basuki Purnama, халық арасында Ахок лақап атымен танымал) Джокоуи әртүрлі жаңа бағдарламаларды жүзеге асырды. Олардың ішінде су тасқынымен және жол кептелісімен күрес бағдарламалары, яғни бұрын соңды қалада маңызды деп танылмаған мәселелерді көтерді. Өзендерді қадағалау

мен қоғамдық көлікті жақсарту бағдарламаларымен қоса, Джокоуи мен Ахок қала құрылысын, денсаулық пен білім беру салаларын реформалаумен айналысты.

Президенттік сайлау жақындаған кезде PDI-P Джокоуиді президентке үміткер ретінде ұсынды. Ол Голкар (Golkar) партиясының жоғары лауазымды саясаткері және вице-президенті Юсуф Калламен (Jusuf Kalla (JK)) бәсекелестікке түсті. Джокоуидің өмірге көзқарасы Индонезия үшін «Парасат революциясының» бастамасы болды, сондықтан Джокоуи Индонезия халқын өз талабын қолдауға шақырды. Жемқорлықпен күрес, өзара көмек, шығармашылық, еркіндік пен бағалаулағы ерекшелік - Парасат революциясының негізгі құндылықтары.

Уақыт өте келе Джокоуи мен Юсуф Калла команда ретінде айқындалды, сол кезде жүргізілген сауалнамалар нәтижелері оларды жақтаушылар санының, әсіресе, демократияны қолдайтын белсенділер, ғалымдар, музыканттар мен суретшілер, жастар, кәсіпкерлер тарапынан көбейгенін көрсетті. Жақтаушылар бірлестіктерде өз еріктерімен, шын ниеттерімен тегін жұмыс жасады; тіпті кейбіреулері өз қалталарынан ақша да шығарды. Саяси қарсыластары Прэбоуо (Prabowo) мен Хэтта (Hatta) билік пен ақша жолына түсіп, кертартпа топтар мен сыбайласқан саясаткерлерден қолдау тапты.

2014 жылдың 22 шілдесінде Жалпы Сайлау Комиссиясы Джокоуи мен Юсуф Калланың 53,1% көрсеткішпен жеңіске жеткенін жариялады. Қарсыластары Прэбоуо мен Хэтта 47,8% дауыс жинады. Көптеген сарапшылар бұл жеңісті халық жеңісі ретінде сипаттайды, себебі Джокоуи мен Юсуф Калла жеңісі тікелей саяси партиялар қолдауымен ғана болған жоқ. Джокоуи мен Юсуф Калла жақтастары көбіне ешқандай саяси партия мүшесі болмады және көбісі оның алдындағы сайлауларға қатыспаған болатын.

Бүгін біз индонезиялықтарда шынайы демократия және адамгершілік ұстанған саясатқа деген жаңа үмітті көріп отырмыз. Соңғы сайлаудағы өз еркімен сайлауға қатысу мәдениеті - болашақ жаңа демократиялық реформалардың іргетасы болуы мүмкін және Индонезия үшін әлеуметтік трансформациялардың алғашқы қадамы.



Хаттарды Люсия Кусумадеуиге жолдауға болады <lucia.ratih@ui.ac.id>

> Индонезиялық жоғары білімнің корпорациялануы

Каманта Сунарто, Индонезия университеті, Депок, Индонезия, Білім әлеуметтануы (RC04) мен Әлеуметтану тарихы (RC08) бойынша Халықаралық Әлеуметтанушылар Ассоциациясының мүшесі



Студенттер Джакартада білім беру саласын неолибералдық реттеуге қарсылық көрсетуде.

Индонезияда 32 жыл бойы билік құрған авторитарлық әскери басқару нәтижесінде жүргізілген реформалық қозғалыстан кейін, 1998 жылы белсенді сынға алынған білім беру жүйесіне мемлекет реформалар енгізді. Конституциялық сот 2003 жылдан бері қабылданған қоғамдық заңдарды тексере алатын, конституциялық емес

деп бағалауға мүмкіндік беретін жаңа жиналыс орындарын ашты, сонымен қатар соңғы онжылдықта, біліммен қамтамасыз етушілер, студенттер мен азаматтық қоғам топтары білім саласында орын алған жаңа реформаларға өз талаптарын қойды.

1999 жылы Үкімет кейбір жоғары оқу орындарын акцияландыруға

>>

мүмкіндік беретін қаулыны қабылдады. Бұл өзгерістерді енгізу себептерінің бірі - жаһандану үдерісі тудырған бәсекелестікке қарсы ұлттық бәсекелестікті күшейту мақсатында біршама дербестік беру. Нәтижесінде 2000 және 2010 жылдар аралығында үкімет 6 мемлекеттік университет және 2 мемлекеттік институт құрды.

Мемлекеттік университет пен институттарды акцияландыру қоғам, әсіресе ата-аналар мен студенттер тарапынан күшті қарсылық тудырды. Бұрын мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы оқу ақысын үкімет қатал түрде қадағалайтын. Мемлекеттік жоғары оқу орындарын кеңейту жұмысы жалғаса бергенімен, бюджеттік қаржыландыру білім беру шығындарының өсуіне ілесе алмады, себебі білім берудің маңызды табыс көзіне айналуы арта түсті. Оқу ақысының үнемі өсіп отыруы қалыпты бола бастады.

Соңғы жылдары мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттері білім беруге қатысты сыни пікірлерін оқу ғимараттары мен көше шерулерінде, бұқаралық ақпарат құралдары, ал кейінгі кезде әлеуметтік медиа арқылы өтініш білдіру, қозғалыстар, қоғамдық дебаттар сияқты әртүрлі жолдармен жеткізіп жүр. Студенттердің көбісі оқу ақысының қымбаттауынан және білімнің көбірек коммерциялануынан қауіптеніп, жоғары оқу орындарын акцияландыруға қарсы шықты, себебі бұл кедей отбасынан шыққан студенттердің білім алуға қолжетімділігін төмендетеді. Алайда, наразылықтар көбіне нәтиже бермеді, өйткені билік ғимаратында отырғандар мемлекеттік демеушілікті пайдаланып, өз дегенінен қайтпады.

2003 жылы мемлекет жаңа Заң қабылдады. Ол заң бойынша, ресми мен бейресми, білімнің барлық деңгейін қамтитын, яғни бала-бақшадан жоғары оқу орнына дейін мемлекеттік пен жеке оқу орындарын акцияландыру ұсынылды. Нәтижесінде 2009 жылы барлық оқу орындарына ортақ Заң өз күшіне енді.

Бұл жаңа заң жоғары оқу орындарын

басқарып отырған жеке қорларды үрейлендірді, себебі қорлардың басқару аясы біршама тарылды. 2006 жылы 60 жеке және үкіметтік емес ұйым Соттан 2003 жылғы Заңға соттық бақылау жүргізуді өтінді, әсіресе корпорациялау бабына мән беруді сұрады. Бұл кезде заң әлі қабылданбағандықтан, өтініш жауапсыз қалды.

Ата-аналар, студенттер мен азаматтық қоғам ұйымдары да заңды қайта қарауды ұсынды, себебі бұл білім беру жүйесінің коммерциялануына алып келеді деп, олар тегін мемлекеттік білім алуға көңіл бөлді және жаппай жоғары білімді корпорациялауды жоюды талап етті. Олар білімнің қоғам игілігі, білімге кететін шығындар мемлекеттің жауапкершілігінде деп сендірді; олардың ойынша білімге кететін шығындарды қоғамның мойнына ілу конституцияға кереғар деп қабылданды.

2009 жылы жеке және үкіметтік емес ұйымдар әртүрлі аумақтардағы студенттермен, оқытушылармен, ата-аналармен және ғалымдармен бірігіп, 2003 және 2009 жылғы заңдарды қайта қарауға 5 жеке ұсыныс жіберді. Олардың еңбектерінің есесі қайтты: Сот 2003 жылғы Заңның бірнеше бабын қайта қарады, ал 2009 жылғы Заңды толығымен қайта қарады.

Көбінесе, бұл білім реформаларының өзіндік аспектідегі мәселелері әдеттегідей үміткердің нақты әлеуметтік орнын көрсетті. Біліммен қамтамасыз етуді басқаратын ұйымдар өздерінің жеке білім орталықтарының тұрақтылығын қалады; олар акцияландыруға қарсы шықты, себебі қол астында отырған білім беру орталықтарына бақылау жасау құқығынан айырылып, құқықтық тұрақсыздыққа тап болар еді. 2003 пен 2009 жылғы Заңды қайта қарау өтініші қабылданғаннан кейін, олардың білім беру институттарын корпорациялауға қарсылығы тоқтады.

2009 жылғы Заңның міндеттілігі жойылғаннан кейін, мемлекеттік жоғары оқу орындарын корпорациялауды күшіне енгізетін, жоғары білім туралы жаңа заңды

мемлекет 2012 жылы қабылдады. 2013 жылы мемлекеттік университеттің заң факультеті студенттері Соттан 2012 жылғы Заңның алты бабын қайта қарауды өтінді, алайда бұл өтініш қабылданбады.

Сотта өз талаптарының орындалуы үшін студенттер, ата-аналар, ғалымдар мен азаматтық қоғам ұйымдары қандай әрекеттер жасады? 2003 жылғы Заң өзгертіліп, 2009 жылғы Заң қайта қаралғанмен, олардың басты мақсаты, яғни тегін білім алу мен мемлекеттік білім орындарын корпорациялауды тоқтату жүзеге асырылған жоқ.

Қорытындылай келе, Сот мынадай шешім қабылдады:

1. Мемлекеттік жоғары оқу орнында оқитын студент мемлекеттік бақылауға сәйкес оқу ақысын төлеуі қажет;

2. Мемлекеттік жоғары оқу орындары экономикалық тұрғыда қамтамасыз етілмеген үміткерлерге кем дегенде 20% тегін оқу орнын бөлуі керек, алайда бұл көрсеткіш 20% көп болмауы да қажет;

3. Мемлекеттік жоғары оқу орындарына түсудің әртүрлі студенттік жүйелеріне рұқсат берілді; Сот бұл шешімді тең мүмкіндіктер саясатымен сәйкестендіргенімен, алайда студенттер оны коммерциялау саясатының бір түрі ретінде қабылдады;

4. Қазіргі кезде мемлекеттік жоғары білім орындарын акцияландыру ешқандай қарсылыққа тап болып отырған жоқ, ол жалғасын табуда.

Студенттер, ата-аналар мен азаматтық қоғам белсенділері тегін мемлекеттік жоғары білім алуды жүзеге асыратын барлық мүмкіндіктерді сарқыды, себебі Конституциялық соттың шешіміне шағым беруге болмайды. Олардың жеңілісі қозғалыстың рухын түсірді, қазіргі кезде жоғары білімді коммерциялауға қарсы ешқандай бастама жоқ. Дегенмен, әртүрлі мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы студенттер әлі күнге дейін оқу ақысына келіспеушілігін білдіруде, бірақ келіспеушілік мемлекетпен емес, өздері оқитын оқу орнымен.

Хаттарды Каманта Сунартоға жолдауға болады <kamantos@yahoo.com>

> Индонезиядағы жұмысшылар қозғалысы және жұмысшы табы саясаты

Хари Нугрохо, Индонезия университеті, Депок, Индонезия, ХЭҚ Жұмысшылар қозғалыстары бойынша зерттеу комитеті (RC44) және Әлеуметтік қозғалыстар, ұжымдық іс-әрекеттер және әлеуметтік өзгерісті зерттеу комитетінің (RC48) мүшесі



Жұмысшылар Джакартадағы бірінші мамыр шеруінде жұмысшы табын ынтымаққа.

Ұзақ жылдар бойы Индонезияның саяси алаңында көрінбеген жұмысшылар қозғалысы қазіргі уақытта жаңа саяси белсенділік танытуда. 2014 жылғы жалпы ұлттық сайлау кезінде кәсіподақ ұйымының біраз көшбасшылары аудандық деңгейде парламентке сайланды. Бұл - тарихи жетістік, себебі соңғы 50 жыл ішінде Индонезияның ұлттық және жергілікті парламенттерінде таза жұмысшы табының өкілдері болған емес. Жұмысшылардың күресін жұмыс орнынан тыс өрісін кеңейту мәселесі аса өзекті және осы бағытта соңғы он жылда қаншама әлеуметтік және саяси эксперимент жасалды. Қазіргі уақытта «Жұмысшылар қозғалысы Индонезиядағы таптар

>>

саясатын өзгерте ала ма?» деген сұрақ қоя аламыз.

1998 жылы авторитарлы режимнің құлдырауынан бері экономикалық либералдандыру және демократияландыру саясатын жүзеге асыру жаңа өзекті мәселелер мен өндірістік жанжалдардың әртүрлі үлгілерін тудырды. Мемлекеттік бақылау нарықтық бақылауға ауысты. Жоғары бәсекеге тән ғаламдық нарықтағы мобилді және күшті капитал ұжымдардың дамуына «жаңа қарсылас», жаңа қатер бола бастады. Еңбек нарығының жоғары икемділігінен зардап шегіп жүрген жаңа кәсіподақтардың негізі одан бұрын пайда болып, Сухартоның корпорациялық мемлекетінің құлдырауынан кейін аяққа нық тұрып үлгерді.

Қазіргі жағдайлар кәсіподақтарды икемділікке қарсы қозқарастарға назар аударуға итермелейді. Жаңа негіздің бір бөлігі ретінде өсіп отырған жалақы, қауымдастықтар еркіндігі және қарсылық көрсетуші жұмыс түрлерін жою сияқты дәстүрлі мәселелер легін қарастыруға болады. Кәсіподақтар биліктің либералды еңбек саясатына және компаниялардың қауіпті жұмыс жағдайларында еңбек етуге мәжбүрлеуіне қарсы болды (Juliawan, 2011). Сол себепті кәсіподақтар қауіпті жұмыс жағдайлары мен жұмысшылар үшін артып отырған қолайсыздықтардың орнын толтыруды қамтитын тиімді әлеуметтік қорғау жүйесін құруды талап етті. Кәсіподақ қозғалысы әлеуметтік саясат жүйесін өзгерту бойынша ұсыныстардың бел ортасында болғандықтан, бұрын кәсіподаққа мүше болған мыңдаған адамдарды қоса алғанда одан да кең ауқымды сайлаушылар тобын жинай алды.

Жұмысшылар қозғалысында сайлаушыларының көбеюі жаңа қиындықтар туындатты, алайда кәсіподақтар агрессияшыл нарық қысымымен күресу үшін кең көлемде әлеуметтік және саяси қолдау іздеуге тырысты. Көп кәсіподақтар ескішіл болып қалғанымен, прогресшіл ұлттық кәсіподақтардың қарамағындағы жергілікті кәсіподақтардың біразы екі стратегияны жүзеге асырды. Бірінші стратегия бойынша тек жұмысшы тап одақтарының ішінде көшбасшыға айналып, шаруалар мен көшедегі саудагерлерді қоса алғанда басқа топтармен қарым-қатынастар орнату болатын. Екінші стратегия бойынша сайлау саясатына қатысу көзделді. Бұл жердегі негізгі мақсат – жергілікті парламенттердегі өкілеттілікті орнату және саяси шешім қабылдау үрдісіне ықпал ету үшін ұлттық деңгейдегі өкілеттілікке жол ашу. Сайлау саясатына қатысу кәсіподақты қолдаушылар санын арттыру үшін де қарастырылды.

Пост-Сухартолық дәуірдегі өндірістік жанжал үлгісі мен ынтымақтасудың өзгеруі қарқынды және әлдеқайда ұйымдасқан жұмысшы табы қозғалысының пайда болуына себепкер болуы мүмкін, бірақ табысқа қол жеткізуге ешқашан кепілдік бермеді (Hadiz, 2001). Мысалы, Джакартаның маңындағы Бекаси өндірістік аймағында орналасқан прогресшіл кәсіподақтың екі басшысы 2014 жылы жергілікті сайланбалы орындарға сәтті өтті. Бұл өте сәтті тәжірибе болды, себебі олар белсенді мүшелердің ұйымдасқан қолдауының арқасында жеңіске жетті.

Осы тарихи жеңістен кейін ұлттық кәсіподақтың сайланған екі көшбасшысы 2014 жылғы президенттік сайлауға қарама-қайшы ұстанымдармен қатысты. Сухартоның авторитарлық режимі кезінде қызмет еткен президенттікке үміткер мен исламдық

саяси партиялардың қолдауына ие болған президенттікке үміткер кәсіподақ мүшелерін сайлауда өздеріне қолдау көрсетуге үгіттеді. Іс жүзінде, екі үміткерге де жұмысшы тапты басқаруға саяси алғышарттар жетіспеді. Өз кезегінде, бұл жайт ұлттық кәсіподақ көшбасшыларының таптар саясатындағы мүдделері жайлы үлкен сұрақтар тудырды.

Дегенмен, кәсіподақтың сайлау саясатындағы басқа эксперименттерінің басым бөлігі жұмысшы қауымдастықтарының маңызды дауыстарды жинай алмай, сәтсіздікке ұшырағанымен сипатталады. Сайлау орындарын жеңіп алғандардың көбісі өзінің саяси негізі ретінде кәсіподақты пайдаланған жоқ, оның орнына басқа саяси машиналардан пайда табуға тырысты. Осы саясаткерлер жұмысшы тап саясатын құрудың орнына қаржы саясатының прагматикасы және аса күшті діни идеологиялармен бәсекелесу мәселелерімен айналысады.

Қауымдар бойынша қозғалыстар арқылы жұмысшылардың сайлаушылар санын көбейту бастамасы да осыған ұқсас жағдайға алып келді. Кейбір кәсіподақтар ірі желілерді құруда және әлеуметтік қолдауды саяси қолдауға алмастыруда сәтті қадамдар жасағанына қарамастан, олар қазір ортақ стратегиялық мүддені айқындаудың қиын екенін мойындады. Желі ішіндегі әр топ тек өзінің тар көкжиегі аясында ғана басқарылуын қалайды; тіпті жұмысшылардың арасында ортақ таптық мүддені құрмағандықтан көзделген қолдау тек белгілі бір топтар арасында қарапайым түрде ғана ауыстырылды. Сол сияқты, тапты басқа әлеуметтік топтармен байланыстырушы ұлттық әлеуметтік қорғау жүйесін ілгері жылжытудағы сәттілікті таптар саясатының жеңісі ретінде қабылдауға болмайды, себебі ол іс жүзінде жұмысшы табының мүдделеріне қарағанда таптар арасындағы азаматтар одағының мүдделерін қорғайды.

Осы мәселелер бойында ақтаңдақтардың болуына байланысты қазіргі индонезиялық жұмысшылар қозғалысының дамуы оның әлеуметтік негізінің осалдығымен тежелуде. Дегенмен, жұмысшы күшінің орасан зор бөлігін құрайтын және қазіргі жұмысшылар қозғалысының артындағы негізгі қозғаушы күш болып табылатын жастар ешқашан авторитарлы режимде өмір сүрген жоқ. Оның есесіне, олар саясатсыздандудың ұзақ тарихын басынан өткізді (Caraway et al., 2014). Өндірістік жанжалдар, қоғамдық қозғалыстар және осы үрдістер арқылы қалыптасқан ұжымдық сана мықты таптарға негізделген саяси қозғалысты жасауға жеткіліксіз. Сонымен қатар, таптар арасындағы мүдделер және дінге негізделген басқа бірегейлік түрлері жұмысшылардың адалдығы үшін аса ықпалды бәсекелестер болып табылады.

Хаттарды Хари Нугрохоға жолдауға болады <hari.nugroho@ui.ac.id>

Қолданылған әдебиеттер

Caraway, T. L., Ford M., Nugroho H. (2014) "Translating membership into power at the ballot box? Trade union candidates and worker voting patterns in Indonesia's national elections," *Democratization*.

<http://dx.doi.org/10.1080/13510347.2014.930130>

Hadiz, V. R. (2001) "New Organising Vehicles in Indonesia: Origins and Prospects," in Jane Hutchison and Andrew Brown (eds.) *Organising Labour in Globalising Asia*. London and New York: Routledge.

Juliawan, B. H. (2011) "Street-level Politics: Labour Protest in Post-authoritarian Indonesia," *Journal of Contemporary Asia*, 41(3): 349-370.

> Дін – құқықтық статусқа айналғанда

Антонио Кахьяди, Индонезиялық Университет, Депок, Индонезия, MCA (RC22) дін әлеуметтануы комитетінің мүшесі, сонымен қатар MCA (TG03) адам Құқықтары мен жаһандық әділеттілік бойынша тақырыптық топтың мүшесі



Діни тегі көрсетілген индонезиялық жеке куәлік.

Сухарто билігінің соңында (1990 жыл) Индонезия қоғамында діни сенімдер мен нәсілдік интолеранттылық байқалды. Мұсылман немесе қытай болмау – жергілікті индонезиялық болмаумен тең болды, ол кез қиын болатын. Мұндай күрделі мәселелер 1998 жылы болған тәртіпсіздіктерде маңызды рөл атқарып, Сухартоның «Реформациясына» және «Жаңа тәртіптің» аяқталуына алып келді.

1967 жылы, Сухарто билігінің басында, мемлекеттік саясат ретінде анықталған индонезиялық қытайларға қатысты нәсілдік кемсітуге төртінші индонезиялық президент Абдурахман Вахид кезінде тыйым салынды. 2006 жылы индонезиялық қытайлардың дәстүрлі діні конфуцийлік мемлекеттің ресми діні болып жарияланды. Соңғы онжылдықта нәсілдік көзқарастар аса айқын болған жоқ, діни сенім мен түсініктер сақталып отырды. Бұл мәселелер күрделі болғандықтан, рационалды және сыни қоғамдық дискурста дін туралы айтудан адамдар жалтарды. Нәтижесінде саясат дінге ерекше статус берді.

Индонезия тарихының өне бойында дін саясатта қолданылды, оның нәтижесінде 1970 жылдары діни құқықтық сәйкестік бюрократизацияланды. Голландтық Ост-Индия заманында (19 ғ. басы – 1942 ж.) дін, әсіресе ислам, азаматтық тәртіпсіздіктерді тудыратын әлеуетті саяси қауіп ретінде қарастырылды. Голландтық отаршыл үкімет исламның дамуына мүмкіндік берді, бірақ оны саяси сәйкестендірудің тәсілі ретінде басып отырды. Осындай куғын-сүргін саясаты жергілікті, дәстүрлі діни топтарға қатысты жүргізілді. Діншілдік адамның жеке ісі деп жарияланды.

Жапондардың отарлауы кезінде (1942-1945) ислам діні соғыс стратегиясына айналды. Жапондықтар голландықтарға қарсы ниеттегілерді жұмылдыра алды және ислам қозғалысын дамыту әрі бақылау үшін арнайы бөлім құрды, кейін тәуелсіз Индонезия кезінде ол дін істері Министрлігіне айналды.

Кең тараған ислам қозғалысының бөлігі ретінде өздерін сәйкестендірген топтар Индонезияның тәуелсіздікке қол

>>

жеткізудегі өз рөлдерін жариялай отырып, Индонезияның ислам мемлекетіне айналуын талап етті. Екінші жағынан, мұсылмандарды да, мұсылман еместерді де өз қатарына тартқан секулярлық ұлтшыл топтар Индонезияның барлық дінге бірдей мемлекет екенін айтып бақты.

1945 жылы Индонезияның Ата Заңында (29 бап) екі топтың арасында ымыраға қол жеткізілді. Ата Заңға сәйкес Индонезия зайырлы мемлекет болып табылмайды, себебі құдіретті құдайға сенуге және қандай да бір ерекше дінге сүйенбейтіні мойындалды. Оның үстіне, жаңа мемлекет діни бостандыққа кепіл берді. Дегенмен, нақты ымыраға келу 1946 жылы исламдық топтарға бейімделу мақсатымен Дін істері Министрлігінің құрылуымен жүзеге асты.

Сухартоның «басқарылатын демократия» дәуірінде (1959-1965) діни (мұсылмандар мен католиктер) және діни емес топтардың арасында шиеленіс тереңдеді, бірақ бір жағынан ерекше діни топтар, екінші жағынан коммунистер орын алды. Социализмге қарай бет бұрып, Сухартоның ұлтшылдық фракциясы дінге бейтараптық танытты. Діни топтар атеист-коммунистерден сенімді қорғалғанын сезінуі үшін және діни топтардың электораттық қолдауына ие болу үшін 1965 жылы Сухарто «Дінді мойындамау және масқаралаудан қорғау» Заңын шығарды. Кейін бұл тосын заң исламдандудың келесі кезеңінің негізі болды және дінге, әсіресе исламға қарсы шыққандарға қолданылды.

Сухарто кезінде дін қатты бюрократизацияланды. «Дінді мойындамау және масқаралаудан қорғау» Заңы қоғамдық салада діннің қорғанышына айналды. Осы заңның аясында Сухартоның әкімшілігі бірнеше ресми мемлекеттік дінді (ислам, протестантизм, романдық-католицизм, буддизм және индуизм) анықтады, бұл тізімге конфуцийлік пен жергілікті діндер кірмеді.

Сухарто кезеңінен бастап Индонезия азаматтары жеке куәліктерінде қай дінге жататындарын көрсетті. Дін істері Министрлігі негізінен мемлекеттік биліктің атқарушы органының қызметін орындады. Сонымен қатар 1974 жылғы «Неке туралы заңда» діннің рөлі мемлекеттік әкімшілікте күшейтілді: неке туралы және бала туу туралы куәлікті тек ресми діндердің өкілдері ғана ала алатын болды. Осы кезде 1989 жылғы «Діни соттар туралы» заңда діни билік индонезиялық үкіметінің сот билігі құрылымына енгізілуі арқылы Индонезия әкімшілік

құрылымында ресми түрде бекітілді. Осыған орай дін легитимді болды. Дін істері Министрлігі дінді күшейтіп, оны бюрократизацияланған күшке айналдырды, осыған орай ел азаматтарының арасындағы айырмашылықты арттырды. Мұның барлығы Сухарто билігінің қол астына діннің қалай келгенін көрсетеді.

Реформация (Сухарто биліктен айырылғаннан кейін 1998 жылы) кезеңінде Индонезияның қоғамдық саласы, көпшіліктің назары мен мемлекеттің ресми мойындауына зәру әртүрлі топтардың (діни, этникалық, жергілікті, аумақтық қоғамдастықтар) арасындағы күрес алаңына айналды.

Реформация кезінде 1999 жылы Молюкаста кенеттен орын алған діни жанжалдарға әкелген жаңа саясиленген исламдық қозғалыстар пайда болды. Діни жанжалдардың күшеюі жаңа, ресми діни мәртебесі жоқ, «басқа исламның» (ахмадиялық, шииттік және халықтың көпшілігі өзін сәйкестендіретін суниттік) бағыттарының мойындауына әкелді және осы барлық сәйкестіктер қоғамдық деңгейде репрезентацияланды. 2006 жылы конфуцийлік пен жергілікті діни сенімдерді мойындаумен қатар бұрын мойындалмаған діни топтар неке куәлігін алуға құқылы болды. Енді ресми діндерді ұстанбайтын мемлекет азаматтары жеке басының куәлігінде діни сенімі туралы мәліметті толтырылмауға мүмкіндік алды.

Дегенмен, дін саяси қарама-қарсылықтарда жиі ұтады, себебі, басқа әлеуметтік-мәдени шығу тегіне қарағанда, діни көзқарастар күшті сезім болып табылады. Индонезияның қоғамдық саласында діни көзқарастар күрделі сипатта. Алайда, дін құқықтық сәйкестік бола отырып, билік басындағылардың басқарылатындарды бақылау үшін пайдаланылатын мемлекеттік құралы ретінде айқындалды.

Индонезияның мемлекеттік әкімшілік институттары мен оның сот тармағы арқылы діни билік мемлекеттің жүйесіне еніп, осылайша қоғамның күнделікті өмірінде билікті күшейтіп отыр.

Осындай ұйымдастырылу формасында дін руханилыққа қауіп төндіре отырып, әкімшілік іске айналды.

Хаттарда Антонио Кахьядиға жолдауға болады <antonius.cahyadi@ui.ac.id>

> Индонезияда әлеуметтік иерархиядағы

мобилдікті ынталандыру

Индера Ратна Иравати Паттиасарани, Индонезия университеті, Депок, Индонезия, ХӘҚ Білім беру әлеуметтануы бойынша зерттеу комитетінің (RC04) және Әлеуметтік стратификация бойынша зерттеу комитетінің (RC28) мүшесі



Джакартаның шулы көшесіндегі әлеуметтік жіктелу.

1 997 жылғы Азиядағы қаржылық дағдарыстан кейін Индонезия экономика дамуының қарқынды деңгейіне қол жеткізіп, G-20 кірісі төменгі орта елдердің қатарынан («үлкен жиырмалық» немесе әлемдегі ең дамыған 20 елдер) тобына қосылды. Сонымен қатар, Индонезия саяси, қаржылық және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізіп, әлемдегі ең демократияшыл елдердің бірі болды (World Bank, 2014a). Айтарлықтай экономикалық өсімге қарамастан, теңсіздік деңгейі де қалыспай өсуде. Оған дәлел -Индонезияның Джини коэффициенті 1999 жылғы 0,33 көрсеткішінен

>>

2011 жылы 0,41 көрсеткішіне дейін көтерілуі. Осы артып отырған теңсіздік деңгейі кедейлік деңгейінің баяу төмендеуіне, экономикалық өсімнің бәсеңдеуіне, жанжалдардың туындауына және әлеуметтік шиеленістерге алып келуі мүмкін. Одан тыс, теңсіздік қоғамдық қызметтерді пайдалануда әділетті еместігін айқындайды және құрастырады. Мысалы, статистика бойынша халықтың төменгі децилінен (барлық халықтың 1/10 бөлігін көрсететін статистикалық шама) шыққан бала 43% табиғи әлсіз болуы, ал онымен салыстырғанда жоғары децилінен шыққан бала тек 14% ғана осындай қауіпте болуы мүмкін. Дәл осылайша кедей отбасылардан шыққан балалар үшін мектепті бітіре алмау ықтималдығы өте жоғары болады: төменгі децилдің 71% мектепті ерте тастап кетеді, салыстырмалы түрде жоғары дециль арасындағы бұл көрсеткіш - 26% (World Bank, 2014b).

Ұзақ жылдар бойы Индонезиядағы теңсіздік салдарынан әлеуметтік тік мобилдікке қол жеткізудегі адамдар арасында мүмкіндіктер теңсіздігі пайда болады. Қандай адамдар өздерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуда аса табысты болады және әлеуметтік иерархия бойынша тік мобилдік қандай факторларды туындатады? Индонезиялық отбасылар өмірін зерттеу (ИОӨЗ) жобасы аясында жинақталған лонгитюдті мәліметтерге сүйене жасалған менің зерттеуімде Шығыс және Батыс Ява өңірлеріндегі екі қаладағы теңсіздік мәселелері қарастырылды. Іріктелген жиынтықты 20-64 жас аралығындағы 1,177 ер кісі мен әйел құрайды.

Әлеуметтік иерархия бойынша тік мобилдік мүмкіндігі төменгі таптағы индонезиялықтарға қарағанда, жоғары әлеуметтік таптар өкілдерінде көбірек. (Pattinasarany, 2012). Алынған мәліметтер бойынша төменгі таптан орта тапқа ауысу әлеуметтік мобилдік көрсеткіші 27%, ал орта таптан жоғары тапқа -45%. Іс жүзінде, ең төменгі тап өкілдерінде әлеуметтік мобилдік мүмкіндіктері жоқ деуге болады. Бүкіл әлем елдерінде сияқты Индонезияда да әлеуметтік тап неғұрлым төмен болса, әлеуметтік иерархия бойынша тік мобилдік мүмкіндігі солғұрлым төмен болады. Тап тұрақтылығын және жағдай тұрақтылығын қосуға болады, яғни респонденттердің көбісі ата-аналары шыққан тапта қала береді.

Жынысқа қатысты, ерлер өздерімен бірдей жағдайдағы әйелдермен салыстырғанда тік мобилдіктің жоғары ықтималдығына ие, әсіресе, төменгі әлеуметтік таптардан мобилдігін бастағандар үшін. Әйелдерге үй шаруашылығында және кәсіби өмірде өз шаруашылық рөлдерін орындау талаптары әйелдердің мансаптық жолдарын қиындатып, тік мобилдіктерін шектейді. Индонезияда білім деңгейі тік әлеуметтік мобилдік деңгейіне айқын әсерін тигізеді. Білім деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, әлеуметтік иерархия бойынша ілгері мобилдік мүмкіндіктері солғұрлым артады. Патерналистік әлеуметтік топ респонденттердің таптарына аса қатты ықпал етеді, ал респонденттердің білім деңгейі одан кейінгі күшті айнымалы болып табылады.

Ява аймағының ауылдық мекендерінде өткізген сапалық зерттеуім төменгі таптың өкілдері үшін орта немесе жоғары таптарға өту аса қиын деген сандық зерттеулер нәтижелерімен сай келді. Дегенмен, зерттеуде қызықты өзге нәтижелер бар: мәселен төменгі таптардан шыққан адамдар орта тапқа орта білімсіз де өтуге қабілетті. Төменде осыған үш

мысал келтірілген.

Индонезиялықтардың көбісі шет елдерде көшпелі жұмысшылар ретінде, әсіресе үй қызметкерлері (әлбетте әйелдер арасында) ретінде және зауыттар мен құрылыста (ер кісілер арасында) жұмыс істеуді қалайды. Көшпелі жұмыскер ретінде жұмыс істеу көбіне білім деңгейі төмен индонезиялықтар үшін жұмыссыздықпен күресудің жалғыз амалы болып табылады. Сонымен қоса, көшпелі жұмыскерлер шет елдерде істеп жатқан жұмыстарымен шамалас кәсіппен салыстырғанда көбірек ақша таба алады және олардың көбісі ауылдық аймақта тұратын туыстарына ақша аудара алады. Осы ақша аударымдары арқылы отбасылар жоғарырақ әлеуметтік тап қатарына өте алады.

Әлеуметтік мобилдіктің тағы да бір жолы – ұрпақтар арасында ерекше дағдылар мен білімді беріліп отыр. Гаруттағы (Батыс Ява) қауымдастық барлық Явадағы ең күшті ер шаштараздарын даярлайтындығымен әйгілі. Қаншама жылдар бойы осы дағды ұрпақтан ұрпаққа берілуде. Ең табысты кәсіби шаштараздар ауылдан тыс Джакарта сияқты үлкен қалаларда уақытша жұмыс істейді. Шаштараз ретінде өздерінің ерекше дағдылары арқасында олар өз отбасыларының экономикалық және әлеуметтік әлеуетін көтеруде табысқа қол жеткізеді.

Үшіншіден, кәсіпкерлік саласы әлеуметтік иерархия бойынша тік жылжудың баламалы жолын ұсынады. Әдетте, көптеген ауылдарда кәсіптерін өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде бастаған адамдар аз емес. Олардың кейбіреулері уақыт өте келе ісін микро-деңгейдегі кәсіпорындарға дейін үлкейтсе, ал кей жағдайларда ісін көрші ауылдарға дейін кеңейткен. Олар әдетте кішігірім дүкендер, ресторандар мен сауда саласында жұмыс істейді. Тұрғылықты жеріне байланысты кәсіпкерлердің кейбіреулері өз істерін банктен алатын немесе мемлекеттік бағдарламалар бойынша несиелерден немесе ұжымдық әлеуметтік жауапкершілік аясындағы бағдарламалар арқылы бастайды. Табысты кәсіпкерлер жоғары әлеуметтік таптарға көтеріле алады.

Индонезиядағы таптық құрылымның тұрақтылығын түсіндіру және онымен күресуге бағытталған, әсіресе табыс бойынша төменгі иерархияда орналасқан адамдардың әлеуметтік тік мобилдікке қол жеткізе алмау мәселелері туралы зерттеулер әлі жүргізілуде. Бұл зерттеулер арқылы әлеуметтік мобилдік үшін тең мүмкіндіктер жасау бойынша ықтималды мемлекеттік және жеке сала бағдарламаларын талқылауға бастау болуы күтілуде.

Хаттарды Индера Р.И. Паттинасараныға жолдауға болады
<indera.pattinasarany@ui.ac.id>

Қолданылған әдебиеттер

Pattinasarany, I. R. I. (2012) Intergenerational Vertical Social Mobility: Studies on Urban Society in the Province of West Java and East Java. PhD Dissertation, Department of Sociology, Graduate Program, Faculty of Social and Political Sciences, University of Indonesia, Depok.

World Bank (2014a) "Indonesia: Avoiding Trap." Development Policy Review 2014. Jakarta: The World Bank Office.

World Bank (2014b) "Understanding Inequality." Booklet from Big Ideas Conference. Jakarta: World Bank Group, September 23, 2014.